

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 253 және Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 241 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 мамырда № 11000 болып тіркелді.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 6) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ**:

1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуді;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына және "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интернет-порталында орналастыруды;

4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне және жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

министрі

Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

В. Школьник

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің 2015 жылғы
27 ақпандағы № 253 және
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 27 наурыздағы
№ 241 бірлескен бұйрығымен
бекітілген

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі – ТЖҚ) сатып алудың жылдық және (немесе) орта мерзімді және (немесе) ұзақ мерзімді бағдарламаларында көзделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың уәкілетті адамдарының, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылар немесе жер қойнауын пайдаланушылардың уәкілетті адамдарымен жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімінің жұмысымен үйлестірілген, Интернет желісінің қазақстандық сегментінде орналастырылған электрондық сатып алу жүйесін пайдалана отырып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге байланысты жекелеген жұмыстарды орындау үшін тартатын мердігерлердің ТЖҚ сатып алу тәртібін айқындайды.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ТЖҚ сатып алуға байланысты тапсырыс берушілердің сатып алуды жүзеге асыру рәсімдері Қазақстан Республикасының аумағында жүргізіледі.

2. Осы Қағидалар:

1) кең таралған пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіру бойынша операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес ТЖҚ-ны сатып алатын жер қойнауын пайдаланушыларға;

3) дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызын тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдинг иеленетін жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаларға қолданылмайды.

3. Осы Қағидаларда Заңда белгіленген ұғымдар мен анықтамалар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуетті жеткізуші – жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын ТЖҚ-ны сатып алу процесіне қатысушы жеке адам, заңды адам, заңды адамдардың уақытша бірлестігі (консорциум);

2) алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

3) біртекті ТЖҚ – бірдей болып табылмайтын, ұқсас сипаттамалары бар және бір функцияны орындауға және өзара алмасымды болуға мүмкіндік беретін ұқсас құрамдастардан тұратын ТЖҚ;

4) жанама қызмет – жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге байланысты емес және лицензиялық келісімшарттық талаптарды орындауға бағытталған, шығыстарын құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық міндеттемелерін орындау ретінде есепке алатын қызмет;

5) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын ТЖҚ-ны сатып алуды және олардың өндірушілерін бақылау және мониторингілеу, сондай-ақ электрондық сатып алу жүргізу мен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын ТЖҚ тізбесін қалыптастыруға арналған мемлекеттік ақпараттық жүйе;

6) жер қойнауын пайдаланушының уәкілетті адамы – осы Қағидаларға сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ТЖҚ-ны жер қойнауын пайдаланушы атынан сатып алуды жүзеге асыруға жер қойнауын пайдаланушы уәкілеттік берген жеке немесе заңды адам;

7) конкурстық комиссия – осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 4) тармақшаларында белгіленген тәртіппен және тәсілдермен ТЖҚ-ны сатып алуды жүргізудің рәсімдерін орындау үшін тапсырыс беруші құратын алқалы орган;

8) конкурстық құжаттама – ашық конкурсты өткізу шарттарын қамтитын конкурстық өтінімді және конкурстық баға ұсынысын дайындау үшін әлеуетті жеткізушіге ұсынылатын, тапсырыс беруші бекіткен құжаттама;

9) кешенді жұмыс – қатты пайдалы қазбалар саласындағы жер қойнауын пайдаланушыларға ғана таралатын және жобалық және іздестіру жұмыстарын, толық аяқталған құрылыс, жобалау және зерттеу жұмыстарын толық аяқталған құрылысты (қажет болған жағдайда) басқаруды қамтитын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жиынтығы және көрсетілген жұмыстарға ілеспелі тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету;

10) Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы – "электрондық үкіметтің", мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің қатысушыларына қызмет көрсететін куәландырушы орталық;

11) қаржылық жыл – Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес айқындалған уақыт кезеңі;

12) мердігер – жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге байланысты жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау үшін жер қойнауын пайдаланушы немесе оның уәкілетті адамы тартатын жеке немесе заңды адам;

13) сатып алу – келісімшарттық міндеттемелерді және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және тәсілдермен жүзеге асырылатын, келісімшартта жанама ретінде көзделген қызметті орындау үшін қажетті жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ТЖҚ-ны меншікті қаражат есебінен сатып алу;

13) сатып алу коды – осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген тәсілдермен ТЖҚ-ны сатып алуды жүргізу туралы хабарландыруларды қалыптастыру кезінде немесе осы Қағидалардың 6-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тәсілмен ТЖҚ-ны сатып алу қорытындыларын шығару хаттамасын қалыптастыру кезінде жүйемен қалыптастырылған код;

15) тапсырыс беруші – осы Қағидаларға сәйкес ТЖҚ-ны сатып алуды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы, мердігер, жер қойнауын пайдаланушының уәкілетті адамы;

16) толық аяқталған құрылыс – салу, оны қамтамасыз ету және пайдалануға дайын объектіні тапсырыс берушіге өткізу;

16-1) Толық аяқталған ұңғыма құрылыс – жобалау жұмыстарын, құрылыс, бұрғылау, сынақтан өткізу (сынама алу), зерттеу, ұңғымаларды жою және консервациялау, қалдықтарды залалсыздандыру және көрсетілген жұмыстарға (қызметтерге) ілеспелі тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсетудің кезеңдерін көздейтін жұмыстар мен қызметтердің жиынтығы;

17) шартты баға – ашық конкурс шеңберінде сатып алынатын тауарлардың қазақстандық өндірушісі немесе жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушісі болып табылатын, ашық конкурсқа қатысушының конкурстық өтінім бағасының жиырма пайызға шартты түрде азайтылуы ескеріле отырып есептелген және тек конкурс жеңімпазын айқындау мақсатында ғана конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру кезінде пайдаланылатын баға;

18) шарттың елеулі талаптары – бұл шарттың нысанасы, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдері мен орындары, төлеу тәртібі;

19) электрондық сатып алу жүйесі (бұдан әрі – жүйе) – сатып алуды ұйымдастырушылар (жер қойнауын пайдаланушы немесе жер қойнауын пайдаланушылар уәкілеттік берген тұлғалар) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін пайдаланатын, индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган мұнай және газ саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп бекітетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібіне сәйкес құрылатын және пайдаланылатын электрондық ақпараттық жүйе;

20) электрондық цифрлық қолтаңба – бұл электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар тізілімі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

4. Сатып алу рәсімдерін жүргізу және сатып алу бойынша барлық құжаттама, оның ішінде әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдері, қоса тіркелетін құжаттармен бірге мемлекеттік және орыс тілдерінде, конкурстық құжаттамада көзделген жағдайларда басқа тілдердегі аудармасы қоса беріле отырып, жүзеге асырылады.

Тапсырыс беруші бекіткен және (немесе) әлеуетті жеткізуші ұсынған құжаттардағы аудармалар арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, мемлекеттік тілде ұсынылған құжаттар артықшылыққа ие болады.

5. Бағалау рәсімдерін жеңілдету және сатып алуға қатысатын әлеуетті жеткізушілер ұсынған, әртүрлі валюталармен көрсетілген бағаларды салыстыру үшін қолданылатын валюта, бағаларды бағалау және салыстыру күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша Қазақстан Республикасының валютасы - теңге болып табылады.

6. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ТЖҚ-ны сатып алуды тапсырыс беруші жүйені пайдалана отырып, мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырады:

- 1) ашық конкурс;
- 2) бір көзден;
- 3) баға ұсыныстарын сұрату;
- 4) электрондық сатып алу жүйесі арқылы.

Тауар биржалары арқылы тауарларды сатып алу Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Қағидаларда айқындалған барлық сатып алу рәсімдерінің іске асырылуын қамтамасыз ететін функционалды көздейтін жүйені жеке және заңды адамлар жасайды. Жүйені пайдалану тәртібін оның жеке меншік иесі немесе иесі айқындайды.

7. Тапсырыс беруші өзінің шешімімен тапсырыс берушінің атынан ақпаратты қалыптастыру және жүйеге орналастыру бойынша осы Қағидаларда көзделген іс-қимылдарды жасайтын уәкілетті адамны айқындайды.

8. Әлеуетті жеткізушіге ашық конкурс тәсілімен және электронды сатып алу жүйесі арқылы ТЖҚ-ны сатып алуды жүргізу кезінде мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) құқықтық қабілеттілікке (заңды адамлар үшін), азаматтық іс-әрекет қабілеттілігіне (жеке адамлар үшін) ие болу;

2) төлемге қабілетті болу;

3) тарату немесе банкроттық рәсімдерге жатпау.

Көрсетілген талаптарға сәйкестікті растау үшін әлеуетті жеткізуші осы Қағидалардың 40-тармағының 2), 5), 10) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

9. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын ТЖҚ-ны сатып алу мынадай қағидаттарды сақтай отырып, жүзеге асырылады:

1) сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы;

2) әлеуетті жеткізушілердің арасындағы адал бәсекелестік;

3) қазақстандық ТЖҚ-ны өндірушілерді қолдау.

Тапсырыс беруші жеңімпазды анықтау рәсімі және нәтижелер хаттамасын жасау сәтіне дейін осы Қағидаларға сәйкес нормаларды бұзған жағдайда, тапсырыс беруші осы сатып алуды өткізуден және осындай сатып алуды (алуларды) қайтадан өткізуден бас тартады.

Әлеуетті жеткізуші тапсырыс берушінің сатып алуды өткізуден бас тарту туралы шешімімен келіспеген жағдайда, өзінің мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге болады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

10. Сатып алу процесі мыналарды қамтиды:

1) сатып алуды жоспарлау;

2) жеткізушіні таңдау және онымен сатып алу туралы шарт жасасу;

3) сатып алу туралы шартты орындау.

11. ТЖҚ-ны сатып алуға заңды адамлардың уақытша бірлестіктерінің (консорциумдар) қатысуына жол беріледі. Сатып алуға осындай заңды адамлардың уақытша бірлестіктері қатысқан

жағдайда, оның қатысушылары осы Қағидалардың 40-тармағында көзделген өздерінің біліктілік талаптарын растайтын құжаттардан басқа:

1) бірлестікке (консорциумға) кіретін заңды адамлардың уәкілетті өкілдері қол қойған және осы заңды адамлардың фирмалық мөрлерімен бекітілген бірлескен шаруашылық қызметі туралы шарттың сканерленген көшірмесін;

2) егер әлеуетті жеткізушінің осындай қызметі Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес лицензиялауға жатқан жағдайда, онда консорциумның бір немесе бірнеше қатысушысының (қатысушыларының) бірлескен шаруашылық қызметі туралы шартта көзделген қызмет бөлігінде тауарларды сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету құқығына тиісті лицензияларының сканерленген көшірмелерін ұсынады.

12. Жүйе арқылы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ТЖҚ-ны сатып алуға қатысу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығында электрондық цифрлық қолтаңба алу немесе тіркеу куәліктерінің тіркелімін енгізу, заңды және (немесе) жеке адамны жүйеге сатып алуға қатысушы (тапсырыс беруші және (немесе) жеткізуші) ретінде тіркеу, сондай-ақ жүйеде ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілетті адамдарды жүйеде тіркеу қажет.

Бұл талап осы Қағидалардың 6-тармағының 2) тармақшасында көзделген тәсілдер арқылы өткізілетін сатып алуға қолданылмайды.

Белгіленген мерзімде жүйенің оларды ашу сәтіне дейін жүйе арқылы ашық конкурсқа қатысушылар және (немесе) әлеуетті жеткізушілер ұсынған конкурстық баға ұсыныстарын, баға ұсыныстарын электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен сатып алу бойынша баға ұсыныстарын тапсырыс берушінің қарауына жол берілмейді.

Тапсырыс беруші өткізетін сатып алуға қатысу үшін әлеуетті жеткізушілер ұсынған құжаттарды тапсырыс берушінің жоюына және (немесе) өзгертуіне жол берілмейді.

2. Сатып алуды жоспарлау

13. ТЖҚ-ны сатып алудың жылдық, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламалары жер қойнауын пайдаланушының жұмыс бағдарламасы және тиісті бюджеттері негізінде әзірленеді.

Жұмыс бағдарламасы болмаған жағдайда ТЖҚ-ны сатып алудың жылдық, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламалары жер қойнауын пайдаланушының бекітілген бюджеттері негізінде әзірленеді.

ТЖҚ-ны сатып алудың жылдық, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тікелей қолдану үшін және келісімшартта жанама көзделген қызметтер үшін сатып алынатын барлық ТЖҚ көрсетіледі.

ТЖҚ сатып алудың жылдық, орта, ұзақ мерзімді бағдарламаларын тапсырыс беруші жүйеде орналастыруы тиіс.

14. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушының немесе уәкілетті адамың ТЖҚ-ны сатып алу рәсімі ТЖҚ-ны сатып алудың жылдық бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушының немесе уәкілетті адамның ТЖҚ-ны сатып алу рәсімі осы Қағидалардың 168-тармағында көзделген жағдайларда сатып алудың орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Қажет болған жағдайда ТЖҚ сатып алудың жылдық, орта мерзімді және ұзақ мерзімді бағдарламаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

16. Жер қойнауын пайдаланушының ТЖҚ-ны сатып алудың бекітілген жылдық, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларында көзделген ТЖҚ-ны сатып алуға арналған шығыстар қысқартылған жағдайда, сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуға жол беріледі.

3. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ашық конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

17. Ашық конкурс тәсілімен біртекті болып табылмайтын ТЖҚ-ны сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырыс берушіге конкурстық құжаттамада мұндай ТЖҚ-ны лоттарға міндетті түрде бөле отырып, көрсетілген тәсілмен бірыңғай сатып алуды ұйымдастыруына және жүргізуіне жол беріледі.

Ашық конкурс тәсілімен біртекті ТЖҚ-ның бірнеше түрлерін сатып алу ТЖҚ-ны олардың біртекті түрлері бойынша лоттарға және оларды жеткізудің (орындаудың, көрсетудің) орны бойынша бөлу арқылы жүзеге асырылады. Тапсырыс беруші ашық конкурсты өткізген кезде өзінің қалауы бойынша лоттарды тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың және (немесе) қызметтерді көрсетудің бір орнына ие біртекті ТЖҚ-ның саны (көлемі) бойынша қосымша бөле алады.

Тапсырыс беруші біртекті тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жер қойнауын пайдалануға арналған бірнеше келісімшарт шеңберінде өткізген жағдайда, осындай тауарларды немесе жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша сатып алынатын тауарлардың немесе жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтер көлемдерінің бөлінуі көрсетілген жағдайда бір лотпен сатып алуға жол беріледі.

Толық аяқталған құрылыс, толық аяқталған ұңғыма құрылыс және кешенді жұмыстар бір лотпен сатып алынады.

Ашық конкурс сегіз кезеңде өткізіледі:

1) конкурстық комиссияны қалыптастыру;

2) конкурстық құжаттаманы қалыптастыру және бекіту;

3) ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыруды және конкурстық құжаттаманы жүйеде орналастыру, сондай-ақ ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыруды аптасына кемінде үш рет

жарияланатын және мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастыру;

4) конкурстық өтінімдерді жинау;

5) конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасын жасай отырып, жүйеде конкурстық өтінімдерді ашу;

6) 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған шарттың шеңберінде сатып алуды жүзеге асыру кезінде (шарттың әрекет ету мерзіміне немесе 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін, оқиғаның қайсысы бұрын басталатынына қарай қолданылады) конкурстық комиссияның ашық конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізушінің:

"жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушісі" (егер әлеуетті жеткізуші ашық конкурстың сатып алу мәні болып табылатын жұмыстарды орындаған немесе қызметтерді көрсеткен жағдайда);

"тауарлардың қазақстандық өндірушісі" (егер, әлеуетті жеткізуші ашық конкурстың сатып алу нысанасы болып табылатын тауарларды өндірген жағдайда) мәртебесіне сәйкестігін немесе сәйкес келмейтіндігін көрсете отырып, ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беру хаттамасын жасай отырып, ашық конкурстың талаптарына сәйкес келуіне конкурстық өтінімдерді қарауы;

7) ашық конкурсқа қатысушылардың жүйедегі әрбір лот бойынша конкурстық баға ұсыныстарын ұсынуы және жүйе арқылы қорытынды шығару хаттамаларын жасай отырып, ашық конкурстың жеңімпазын айқындау;

8) ашық конкурстың жеңімпазымен шарт (шарттар) жасасу.

Осы тармақта көзделген жағдайларда әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдерін қарау, ашық конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру, сондай-ақ ашық конкурстың жеңімпазын айқындау конкурстық құжаттамада көзделген әрбір лот бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

2-параграф. Конкурстық комиссиясын қалыптастыру

18. Тапсырыс берушіге жеке ашық конкурсқа да, сондай-ақ тұрақты негізде де, бірақ бір қаржы жылынан аспайтын мерзімге конкурстық комиссияны құруға жол береді.

19. Конкурстық комиссияның құрамына төраға, төрағаның орынбасары және конкурстық комиссияның мүшелері кіреді. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ саннан тұрады. Конкурстық комиссияның құрамында кемінде үш адам болуы тиіс. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды және конкурстық комиссияның шешім қабылдауы кезінде дауыс беруге болмайды.

20. Конкурстық комиссияның отырыстары конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілігі қатысқан жағдайда өткізіледі және қатысқан конкурстық комиссия мүшелері, оның төрағасы, оның орынбасары мен конкурстық комиссияның хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Конкурстық комиссияның қандай да бір мүшесі қатыспаған жағдайда, конкурстық комиссия отырысының хаттамасында оның қатыспау себебі көрсетіліп, осы фактіні растайтын құжат қоса беріледі.

21. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс беруарқылы қабылданады және оған отырысқа қатысып отырған конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берген жағдайда, ол қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, конкурстық комиссияның төрағасы немесе, ол болмаған жағдайда, төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі. Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда, конкурстық комиссияның кез келген мүшесі айрықша пікірге ие болады, ол жазбаша түрде жазылуы және конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.

22. Конкурстық комиссияның төрағасы оның жұмысына басшылық жасайды, комиссияның отырыстарында төрағалық етеді.

23. Конкурстық комиссияның хатшысы ТЖҚ-ны сатып алу бойынша ашық конкурс рәсімдерінің өткізілуін ұйымдастырады. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды дайындайды, конкурстық комиссияны қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді, конкурстық комиссия отырысының өткізілуін ұйымдастырады, жүйемен қалыптастырылған конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасына, ашық конкурсқа қатысуға рұқсат хаттамасына, ашық конкурстың қорытындысын шығару хаттамасына, конкурстық комиссия отырыстарының басқа да хаттамаларына қол қояды, ТЖҚ-ны сатып алу бойынша ашық конкурстың құжаттары мен материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

3-параграф. Конкурстық құжаттамасын қалыптастыру және бекіту

24. Конкурстық құжаттама ТЖҚ-ны сатып алудың талаптары мен шарттары туралы әлеуетті жеткізушілерді хабардар етуге арналған. Конкурстық құжаттаманы тапсырыс беруші әзірлейді және бекітеді.

25. Конкурстық құжаттамада мынадай талаптар көрсетіледі:

1) ашық конкурс тәсілімен сатып алудың нысанасы (ашық конкурс нысанасына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атаулары мен нөмірлері);

2) әлеуетті жеткізуші өзінің біліктілік талаптарының растау үшін ұсынатын осы Қағидалардың 40-тармағының 2), 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың тізбесі;

3) тапсырыс берушінің атауы (заңды адам үшін), тегі, аты, әкесінің аты (жеке адам үшін), заңды және нақты мекенжайы;

4) ұлттық стандарт немесе Қазақстан Республикасы өндірушілерінің коммерциялық емес ұйымдары бекіткен үкіметтік емес стандарт болған кезде оны көрсете отырып, ал қажет болған жағдайда, жоспарларды, сызбалар мен нобайларды көрсете отырып, сатып алынатын ТЖҚ-ның функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану және өзге де сипаттамаларын сипаттай отырып, әр лот бойынша техникалық ерекшелік, сондай-ақ ТЖҚ-ның осы талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі;

5) конкурстық баға ұсынысын қалыптастырудың тәртібі, оның ішінде сатып алынатын ТЖҚ бағасынан басқа, қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) есепке алмағанда, оларды тасымалдау, сақтандыру, кедендік баждарды, салықтарды алымдарды төлеу шығыстарын, сондай-ақ тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарында көзделген өзге де шығыстарды шығыстар лотына қосу;

6) төлем шарттары;

7) әрбір лот бойынша сатып алынатын тауарлардың саны, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі;

8) әрбір лот бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету орындары;

9) шартты жасаған күннен бастап әрбір лот бойынша тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың немесе қызметтерді көрсетудің мерзімдері;

10) конкурстық өтінімдерді ұсынудың басталу мен аяқталу уақыты, олардың қолданылу мерзімі ;

11) конкурстық өтінімдерді ашу күні мен уақыты;

12) елеулі талаптары мен қорытындылар шығарылған күннен бастап шарттың мерзімі көрсетілген шарттың жобасы;

13) Заңның 78-бабы 7-тармағының ережелерін ескере отырып, Заңның 78-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген тиісті өлшемге сәйкес келетін тапсырыс берушінің шартты жеңілдіктер ұсыну туралы міндеттемесі және әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімінің шартты бағасын есептеу үшін осы Қағидалардың 42-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесі;

14) конкурстық өтінімнің мазмұнына және оны ресімдеуге қойылатын талаптар, сондай ақ әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдерінің ең аз қолданылу мерзімі;

15) әлеуетті жеткізушілерге конкурстық құжаттама бойынша түсіндірулерге сұрау салуға болатын тәсілдер;

16) әлеуетті жеткізушілер жүгіне алатын тапсырыс берушінің уәкілетті адамдарының электрондық почтасының мекенжайы мен телефон нөмірлері;

17) конкурстық өтінімді және (немесе) сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің көлемі (егер конкурстық құжаттамада конкурстық өтінімді қамтамасыз ету және (немесе) сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету көзделсе);

18) әрбір лот бойынша ҚҚС-ты есепке алмағанда ашық конкурстың нысанасы болып табылатын ТЖҚ-ны сатып алуға бөлінген сомалар туралы мәліметтер;

19) осы Қағидалардың 35-тармағына сәйкес тапсырыс берушінің ТЖҚ-ны сатып алу бойынша ашық конкурсты өткізуден бас тартудың мерзімдері мен тәртібі туралы мәліметтер;

20) жұмыстарды орындау шартын орындау кезінде (әлеуетті жеткізушінің мердігерлік шартты орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алған жағдайда) осы Қағидаларды сақтау туралы жер қойнауын пайдаланушының әлеуетті жеткізушіге (мердігеріге) қоятын міндетті талабы;

21) 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде сатып алуды жүзеге асыру кезінде (шарттың әрекет ету мерзіміне немесе 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін, оқиғаның қайсысы бұрын басталатынына қарай) қолданылады сатып алынған: тауарлардағы әрбір лот бойынша пайызбен көрсетілген (0-ден 100-ге дейін);

жұмыстардағы немесе көрсетілген қызметтердегі әрбір лот бойынша пайызбен көрсетілген (0-ден 100-ге дейін) жергілікті қамту бойынша ең аз талаптар;

22) Заңның 19 бабының 22)-тармақшасына сәйкес бекітілетін Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларын, жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы және кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы есептерін жасаудың және ұсынудың нысандары мен тәртібі бойынша жергілікті қамту бойынша есептілікті өткізу туралы әлеуетті жеткізушіге қойылатын талап;

23) есептерде көрсетілген ақпараттың мазмұны, есептіліктерді ұсыну мерзімдерінің бұзылуы және әлеуетті жеткізушілердің жергілікті қамту бойынша міндеттемелерін сақтамағаны үшін жауапкершілік.

Тапсырыс беруші конкурстық құжаттама шарттарында әлеуетті жеткізушіде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес аккредиттелген ұйым сертификаттаған мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес сапа менеджменті жүйесінің (сертификатталған жүйелердің) болуын растайтын құжаттарды ұсыну туралы талаптарды көрсетуге болады.

Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамада да ашық конкурс тәсілімен сатып алудың жеңімпазына әрбір лот бойынша жеке конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжаттың түпнұсқасын ұсыну туралы талаптарды белгілеуіне жол беріледі. Бұл құжатты ашық конкурс жеңімпазы шартқа қол қою мерзімі аяқталғанға дейін ұсынады.

Жылдық көлемі құндық көріністе тиісті қаржы жылына белгіленген он төрт мың еселік айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен асып түсетін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді

сатып алу кезінде, сондай-ақ осындай қызмет түрлерімен айналысуға лицензияның болуын талап ететін қауіпті, ерекше қауіпті жұмыс түрлерін сатып алу кезінде тапсырыс берушіге әлеуетті жеткізушіде сатып алынатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында және (немесе) белгілі бір салада жұмыс тәжірибесінің болуын көздейтін, жұмыстарды орындаған, қызметтерді көрсетіп жүрген ұйымдардың атынан кепілдеме хаттардың немесе оң пікірлердің сканерден өткізілген көшірмелерімен расталған, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті актілердің сканерден өткізілген көшірмелерін қоса бере отырып, біліктілік талаптарын белгілеуге жол беріледі. Бұл ретте жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету саласында 5 (бес) жылдан асатын жұмыс тәжірибесінің болуы туралы талап белгілеуге жол берілмейді.

Жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін ұсынылады.

Он төрт мың еселік айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен асып түсетін шарт сомасына құжаттар жұмыс тәжірибесінің жылына ұсынылуға рұқсат етіледі.

Тапсырыс берушіге конкурстық құжаттамада тауарлардың өндірушісі берген әлеуетті жеткізушінің конкурстық құжаттамада белгіленген көлемде және сапада тауарды жеткізу туралы ашық конкурс шарттарын орындау мүмкіндігі бар екенін растайтын хатты ұсыну туралы талапты белгілеуге жол беріледі.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

26. Конкурстық құжаттамада жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тапсырыс берушіде бар жабдықты жете жинақтау, жаңғырту, жөндеу және жете жарақтандыру үшін ТЖҚ сатып алуды қоспағанда, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы үлгілерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығу орнының атауы мен өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын ТЖҚ-ның жеке әлеуетті жеткізушіге және (немесе) сатып алынатын тауар өндірушісіне тиесілілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға сілтемелердің мазмұнын көрсетуге жол берілмейді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

27. Тапсырыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған, бекітілген конкурстық құжаттаманы тапсырыс беруші жүйеде орналастырады.

Ашық конкурсқа қатысу үшін әлеуетті жеткізушілер әрбір лот бойынша конкурстық құжаттаманы және техникалық ерекшелікті жүктейді (көшіріп алады).

Ашық конкурс лотына осы лот бойынша конкурстық құжаттаманы және техникалық ерекшелікті жүктемеген (көшіріп алмаған) әлеуетті жеткізушінің қатысуына жол берілмейді.

Әрбір лот бойынша конкурстық құжаттаманың және техникалық ерекшеліктің көшірмесін ұсыну (тізілімнен алу) фактісі тізілімде автоматты түрде тіркеледі.

28. Конкурстық құжаттаманы ашық конкурсты өткізу туралы хабарландырудың мәтіні жарияланғанға дейін ұсынуға жол берілмейді.

29. Әлеуетті жеткізушінің конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен тапсырыс берушіге жүгінуге оны жүйеде орналастыру арқылы жол беріледі, бірақ ол конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірілмеуі тиіс. Тапсырыс беруші сұрау салу тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жауап береді және сұрау салудың кімнен түскенін көрсетпестен, түсіндіруді жүйеде орналастырады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

30. Тапсырыс берушіге осы Қағидалардың 25-тармағының 1) тармақшасында көзделген мәліметтерді қоспағанда, конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуге жол беріледі. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен (немесе) толықтыруларды конкурстық өтінімді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде енгізуге жол беріледі. Өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген кезде тапсырыс беруші конкурстық құжаттаманы қайтадан бекітуі тиіс және тапсырыс беруші конкурстық өтінімді ұсынудың түпкілікті мерзімін әлеуетті жеткізушілер бұл өзгерістерді конкурстық өтінімдерде ескеруі үшін кемінде бес жұмыс күні мерзіміне ұзартылады.

Тапсырыс беруші енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулар ескерілген конкурстық құжаттаманың көшімесін өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік бір күннен кешіктірмей барлық әлеуетті жеткізушілерге оны тізілімде орналастыру арқылы ұсынады.

Конкурстық өтінімді ұсыну мерзімдерін ұзарту туралы ақпарат жүйеде орналастырылуы тиіс.

Конкурстық өтінімдерді ұсынудың мерзімін ұзартудың негіздемесі конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулардың енгізілуі болып табылады.

Осы тармаққа сәйкес тапсырыс берушінің ТЖҚ-ны сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуына байланысты ашық конкурс тәсілімен сатып алудың нысанасы болып табылатын, осы ТЖҚ-ның кейбір лоттарын алып тастау осы Қағидалардың 25-тармағының 1) тармақшасында көзделген мәліметтерге өзгерістер енгізу деп саналмайды.

4-параграф. Ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыруды және конкурстық құжаттаманы жүйеде орналастыру, сондай-ақ ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыруды мерзімді баспасөз басылымдарында орналастыру

31. Ашық конкурсты өткізген кезде тапсырыс берушінің уәкілеттік берген адамы ашық конкурс өткізу туралы хабарламаны мемлекеттік және орыс тілдерінде жүйеде және тізілімнің барлық қолданушыларға, оның ішінде тізілімде тіркелмеген қолданушыларға рұқсат етілген бөлігінде орналастырып, тапсырыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасын қойылады.

Сатып алуды өткізу және олардың қорытындылары туралы хабарландыру да Заңның 77 бабының 4-тармағына сәйкес мерзімді баспа басылымдарында жариялануға тиіс.

32. Көмірсутекті шикізаттарға арналған келісімшарттар бойынша ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыру:

1) егер әрбір лот бойынша сатып алынатын тауардың, жұмыстың және көрсетілетін қызметтің жалпы көлемі құндық көрінісінде тиісті қаржы жылына белгіленген он төрт мың еселік айлық есептік көрсеткішке тең немесе одан аспайтын болса, конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін кемінде күнтізбелік он бес күн бұрын орналастырылады.

2) егер әрбір лот бойынша сатып алынатын тауардың, жұмыстың және көрсетілетін қызметтің жалпы көлемі құндық көрінісінде тиісті қаржы жылына белгіленген он төрт мың еселік айлық есептік көрсеткіштен асатын болса, конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын орналастырылады.

33. Қайталама ашық конкурс өткізілген жағдайда:

1) егер әрбір лот бойынша сатып алынатын тауардың, жұмыстың және көрсетілетін қызметтің жалпы көлемі құндық көрінісінде тиісті қаржы жылына белгіленген он төрт мың еселік айлық есептік көрсеткішке тең немесе одан аспайтын болса, конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын;

2) егер әрбір лот бойынша сатып алынатын тауардың, жұмыстың және көрсетілетін қызметтің жалпы көлемі құндық көрінісінде тиісті қаржы жылына белгіленген он төрт мың еселік айлық есептік көрсеткіштен асатын болса, конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін кемінде күнтізбелік он бес күн бұрын орналастырылады.

Қатты пайдалы қазбаларға, жерасты суларына, емдік балшықтарға, ағынды суларды лақтыруға арналған жер қойнауын барлауға, барлау және (немесе) игеруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыру конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін кемінде күнтізбелік он бес күн бұрын орналастырылады.

Қайталама ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыру конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын орналастырылады.

34. Жүйеде орналастырылатын ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) ашық конкурстың нысанасы (егер ашық конкурстың нысанасына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атаулары және нөмірлері);

2) әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне сәйкес тапсырыс берушінің атауы мен орналасқан орны;

3) әрбір лот бойынша сатып алынатын тауарлардың сипаттамасы, өлшем бірлігі, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі, сондай-ақ әрбір лот бойынша техникалық ерекшеліктің сканерден өткізілген көшірмесі;

4) шартты жасаған күннен бастап әрбір лот бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету мерзімдері, әрбір лот бойынша тауарларды жеткізудің, қызметтерді көрсетудің, жұмыстарды орындаудың мерзімі және орны;

5) конкурстық құжаттаманың сканерден өткізілген көшірмесі;

6) жүйеде конкурстық өтінімдерді ұсынудың басталу және аяқталу уақыты, сондай-ақ конкурстық өтінімдерді ашу күні мен уақыты;

7) әрбір лот бойынша, ҚҚС-ны есепке алмағанда, тауарларды сатып алуға немесе жұмыстарды орындауға немесе қызметтерді көрсетуге бөлінген сома;

8) ашық конкурстың қорытындылары шығарылған күннен бастап әрбір лот бойынша шарт жасасудың талап етілетін мерзімі;

9) әлеуетті жеткізушілердің жүгінуіне арналған электрондық почтаның мекенжайы мен телефон нөмірлері;

10) 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде сатып алуды жүзеге асыру кезінде (шарттың әрекет ету мерзіміне немесе 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін, оқиғаның қайсысы бұрын басталатынына қарай) сатып алынған: әрбір лот бойынша пайызбен көрсетілген (0-ден 100-ге дейін) тауарлардағы;

әрбір лот бойынша пайызбен көрсетілген (0-ден 100-ге дейін) жұмыстардағы (көрсетілген қызметтердегі) жергілікті қамту бойынша ең аз талаптар;

11) олардың шеңберінде сатып алу жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (-тардың) нөмірі (-лер);

12) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бағасынан басқа, әлеуетті жеткізушінің конкурстық баға ұсынысына, ҚҚС есептемегенде, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету талаптарында көзделген өзге шығыстарды қосудың қажеттілігі туралы талап;

13) сатып алу коды.

Мерзімде баспа басылымдарында жарияланатын ТЖҚ-ны сатып алудың өткізілуі туралы хабарландыру осы тармағының 1), 2), 7), 13) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты және сатып алу өткізілетін ақпараттық жүйенің интернетресурсының мекенжайын қамтиды.

Ескерту. 34-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

35. Тапсырыс берушіге ашық конкурс тәсілімен сатып алуды өткізуден бас тарту туралы жүйеде хабарлау арқылы конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей ТЖҚ-ны сатып алу бойынша ашық конкурсты өткізуден бас тартуға жол беріледі.

ТЖҚ-ны сатып алу жөніндегі ашық конкурсты өткізуден бас тартқан жағдайда, тапсырыс беруші ашық конкурсты өткізуден бас тартылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей ашық конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қамтамасыз ету ретінде тапсырыс берушінің есебіне салынған кепілдік ақшалай жарналарды қайтарады.

36. Тапсырыс беруші ашық конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей аптасына кемінде үш рет басып шығарылатын, мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында мынадай ақпаратпен қамтылған хабарландыруды орналастырады:

1) тапсырыс берушінің атауы мен әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне сәйкес орналасқан орны;

2) өнімнің модельдік статистикалық жіктеуішіне сәйкес ашық конкурстың нысанасы (ашық конкурстың нысанасына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауы);

3) сатып алудың коды мен жүйенің интернет-ресурсының мекенжайы.

5-параграф. Конкурстық өтінімнің жинау

37. Конкурстық өтінім ашық конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті жеткізушінің конкурстық құжаттаманың шарттарына сәйкес тауарларды жеткізуді немесе жұмысты орындауды немесе қызметтерді көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру болып табылады.

38. Ашық конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші тапсырыс берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген мерзімде және нысан бойынша жүйеде электрондық цифрлық қолтаңба қойылған ашық конкурс тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алуға қатысуға конкурстық өтінімді (бұдан әрі - Конкурстық өтінім) ұсынады. Конкурстық өтінім және конкурстық өтінімге құжаттама жүйеде мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде орналастырылады.

Құжаттар конкурстық құжаттама тілінен басқа тілде ұсынылған жағдайларда, әлеуетті жеткізуші конкурстық өтінімге осындай құжаттардың нотариус куәландырған мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріндегі аудармасының сканерден өткізілген көшірмесін қоса береді.

Әлеуетті жеткізушіге конкурстық өтінімді не конкурстық өтінімнің құрамдас бөлігі болып табылатын құжаттарды және (немесе) материалдарды конкурстық өтінімдер қабылданғанға дейін және (немесе) конкурстық құжаттамада көрсетілген ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін ұсынуға жол берілмейді.

Конкурстық баға ұсыныстарын ұсыну рәсімі басталғанға дейін сатып алынатын ТЖҚ бағасы мен тарифтері туралы ақпаратты қамтитын мәліметтерді тапсырыс берушінің талап етуіне, сондай-ақ әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімде көрсетуіне жол берілмейді.

Конкурстық өтінімге қоса берілетін құжаттардың сканерден өткізілген көшірмелерімен бірге әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтініміне әлеуетті жеткізушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады және жүйеде орналастырылады.

Құжаттардың сканерден өткізілген көшірмелері құжаттамалардың түпнұсқаларымен түрлі-түсті форматта ұсынылады.

Құжаттардың сканерден өткізілген көшірмелері әлеуетті жеткізушіде құжаттамалардың түпнұсқаларының қағаз нұсқасы болған жағдайда ұсынылады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйенің құралдары арқылы алынған электрондық құжаттың қағаз көшірмесінен сканерленіп алынған құжаттарды ұсынуды қоспағанда немесе әріптік, цифрлық және өзге де нышандармен сәйкестендіруге келмейтін ақпаратты қамтитын құжаттарды ұсынуды қоспағанда, көшірмеден және (немесе) телнұсқадан сканерленіп алынған құжатты әлеуетті жеткізуші ұсынбаған болып есептелінеді және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін ретінде басталуы тиіс.

Техникалық ерекшелікте және осы Қағидалардың 40-тармағында көзделмеген қосымша құжаттарды әлеуетті жеткізушінің Қағидалардың 4-тармағын және аталған тармағын бұза отырып ұсынуы, конкурстық өтінімге бас тартуға негіз бола алмайды.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

39. Ашық конкурс хабарламасында көрсетілген конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін ұсынылған ашық конкурсқа қатысушылардың конкурстық өтінімдері жүйеде орналастырылмайды.

40. Әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімінде мыналар:

1) әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысы немесе өзге уәкілетті адамы қол қойған және әлеуетті жеткізушінің қолымен және мөрімен (болған кезде) бекітілген оның қолданылу мерзімі көрсетілген ашық конкурсқа қатысуға арналған өтінімнің сканерден өткізілген көшірмесі;

2) құрылтай құжаттардың (заңды тұлғалар үшін) және жеке басын куәландыру құжаттардың (жеке тұлғалар үшін) сканерден өткізілген көшірмелері қамтылады.

Жеке адам жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН) көрсете отырып, жеке басын куәландыратын құжаттың сканерден өткізілген көшірмесін және (немесе) жеке немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, (егер әлеуетті жеткізуші дара кәсіпкерлік субъектісі болып табылған жағдайда) дара кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелгені туралы

құжаттың сканерден өткізілген көшірмесін ұсынады. Қазақстан Республикасының бейрезиденті жеке басты куәландыратын құжаттың сканерден өткізілген көшірмесін ұсынады.

Заңды тұлға мынадай құжаттарды ұсынады:

жарғының сканерден өткізілген көшірмесі немесе мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің сканерден өткізілген көшірмесі;

бизнес-сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН) көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың сканерден өткізілген көшірмесі;

жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтер қамтылмаған жағдайда құрылтайшы немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құрылтай құжаттарынан алынған үзіндінің сканерден өткізілген көшірмесі;

конкурстық өтінімдерді ашу күнінің алдында бір айдан бұрын емес берілген акцияларды ұстаушылар тізілімінен алынған үзіндінің сканерден өткізілген көшірмесі (акционерлік қоғамдар үшін);

егер осындай талаптар конкурстық құжаттамада көзделген болса жарғы құрылтайшылар немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтерді не жеке тұлғалар туралы мәліметтерді ашуға дейін әлеуетті жеткізушінің жарғылық капиталында қатысушы акционерлер туралы, әлеуетті жеткізушінің құрылтайшыларына қатысушылар және басқа адамдар туралы мәліметтерді;

3) құжаттардың (лицензия, патент, куәлік) сканерден өткізілген көшірмелері және (немесе) сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге арналған әлеуетті жеткізушінің құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері немесе әлеуетті жеткізушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге құқығын растайтын құжаттардың болу қажеттілігінің жоқтығы туралы хаттың сканерден өткізілген көшірмесі;

4) егер ТЖҚ сатып алу нысанасы стандарттың немесе міндетті түрде сертификаттауға жататын болса, адамдардың өмірі, денсаулығы, азаматтардың мүлкі және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзге нормативтік құжаттың талаптарына сәйкес келуі сертификаттардың немесе сертификаттардың берілуі туралы кепілдеме хаттың сканерден өткізілген көшірмесі;

5) төлем қабілеттілігін растайтын мынадай құжаттар:

"Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 28 ақпанда № 6793 тіркелді) сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы әлеуетті жеткізушінің міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы әлеуетті жеткізушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы және мөрі (болған кезде) қойылған анықтаманың сканерден өткізілген көшірмесі (егер әлеуетті жеткізуші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті

болып табылса, осы анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады). Анықтама конкурстық өтінімдер ашылатын күннің алдындағы бір айдан кейін берілуге тиіс. Анықтамаға қол қойған лауазымды адамның өкілеттігін растайтын құжаттың болмауы, мұндай әлеуетті жеткізушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін ретінде танылуы үшін негіздеме болып табылмайды;

үш айдан астам уақыттағы салықтық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің (Қазақстан Республикасының салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда) жоқтығы туралы не конкурстық өтінімдерді ашу күнінің алдындағы бір айдан кейін берілген бір теңгеден кем салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болуы туралы тиісті салық органы анықтамасының сканерден өткізілген көшірмесі;

ҚҚС бойынша төлеушіні есепке қою туралы құжаттың сканерден өткізілген көшірмесі (егер әлеуетті жеткізуші ҚҚС төлеушісі болып табылса) немесе конкурстық өтінімді ұсыну күніне әлеуетті жеткізуші ҚҚС төлеушісі болмағанын растайтын кепіл хаттың сканерден өткізілген көшірмесі;

6) ТЖҚ-ның функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзге де сипаттамалары қамтылған техникалық ерекшелік, сондай-ақ ТЖҚ-ның осы талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі (конкурстық құжаттамада тиісті талап болған жағдайда).

Тауарды сатып алған жағдайда, техникалық ерекшелікте тауардың шығарылған елі, өндіруші зауыт, модельдің атауы және техникалық сипаттамалары көрсетіледі.

Егер әлеуетті жеткізуші әртүрлі өндірушілер өндірген тауарды жеткізуге ұсынған жағдайда, техникалық ерекшелікте жеткізуге ұсынылып отырған тауардың шығарылған елі, өндіруші зауыт, модельдің атауы және техникалық сипаттамалары туралы ақпарат әрбір тауар бойынша бөлек көрсетіледі.

Әлеуетті жеткізуші сондай-ақ жеткізілетін тауардың өзге де сипаттамаларын көрсетуге құқылы;

7) ұсынылатын пайыздарда көрсетілген (0-ден 100-ге дейін) жұмыстардағы (көрсетілген қызметтердегі);

2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде сатып алуды жүзеге асыру кезінде (келісімшарттың қолдану мерзімі аяқталғанға дейін немесе 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін, оқиғаның қайсысы бұрын басталатынына қарай) пайыздарда көрсетілген (0-ден 100-ге дейін) тауарлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелер;

8) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге байланысты жұмыстардың жекелеген түрлерін орындауға арналған шартты орындау кезінде мердігердің осы Қағидаларды сақтау туралы міндеттемесі (мердігерлік жұмыстарды сатып алған жағдайда);

9) әлеуетті жеткізуші мердігерлерінің осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар немесе әлеуетті жеткізушінің мердігерлерді тарту

ниетінің жоқ екендігін растайтын кепілхатының сканерден өткізілген көшірмесі (мердігерлік жұмыстарды сатып алған жағдайда);

10) әлеуетті жеткізушінің осы Қағидалардың 8-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген өткізілетін ашық конкурсқа қатысуға тыйым салатын негіздемелердің жоқтығы туралы кепіл хаттар;

11) әлеуетті жеткізушіде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес аккредиттелген ұйым сертификаттаған мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес сапа менеджменті жүйесінің (сертификатталған жүйелердің) болуын растайтын құжаттардың сканерден өткізілген көшірмелері (конкурстық құжаттамада тиісті талап болған жағдайда);

12) әлеуетті жеткізушіде сатып алынатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында және (немесе) белгілі бір салада жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын құжаттар: осындай қызмет түрлерімен айналысуға лицензиялардың болуын талап ететін қауіпті, ерекше қауіпті жұмыс түрлерін сатып алу кезінде, сондай-ақ орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті актілердің сканерден өткізілген көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті жеткізуші тиісті қаржы жылына белгіленген он төрт мың еселік айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен кем емес шарт сомасына әлеуетті жеткізуші жұмыстар орындаған, қызметтер көрсеткен ұйымдардан ұсыныс хаттардың немесе оң пікірлердің сканерден өткізілген көшірмелері (конкурстық құжаттамадағы тиісті талап болған жағдайда);

13) әлеуетті жеткізушінің шарт жобасының елеулі талаптарымен келіскендігін растайтын кепілхаты;

14) сатып алынатын тауарларды өндіруші тапсырыс берушіге берген, әлеуетті жеткізушінің тауарларды конкурстық құжаттамада белгіленген көлемде және сапада (конкурстық құжаттамада тиісті талап болған кезде) жеткізу бойынша ашық конкурс талаптарын орындау мүмкіндігі бар екендігін растайтын хаттың сканерленген көшірмесі;

15) конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжаттар (егер конкурстық құжаттамада конкурстық өтінімді қамтамасыз ету көзделсе).

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

41. Егер әлеуетті жеткізуші Қазақстан Республикасының резиденті емес болған жағдайда, онда оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін осы Қағидалардың 40-тармағының 2), 5), 10) тармақшаларында көзделген құжаттарды не нотариус куәландырған мемлекеттік және орыс тіліндегі аудармасымен қоса Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті жеткізуші туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынады.

42. Әлеуетті жеткізушілер шартты бағаны есептеу үшін осы Қағидалардың 40-тармағында көзделген құжаттардан басқа мыналарды ұсынады:

1) егер әлеуетті жеткізуші ашық конкурстың сатып алу нысанасы болып табылатын тауарлардың қазақстандық өндірушісі болып табылған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында шығарылғанын растайтын, "Тауардың шығу тегі жөнінде сертификаттар бланкілерінің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 9

қаңтардағы № 6 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 12 ақпанда № 10235 тіркелді) бекітілген "СТ-KZ" нысандағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттың сканерден өткізілген көшірмесі;

2) егер әлеуетті жеткізуші ашық конкурстың сатып алу нысанасы болып табылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушісі болып табылған жағдайда, әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысы немесе өзге уәкілетті адамы қол қойған осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкерлердің санын қамтитын және әлеуетті жеткізушінің мөрімен (болған кезде) бекітілген сканерленген құжат көшірмесі.

1) тармақшаның ережелері 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде сатып алуды жүзеге асыру кезінде (шарттың әрекет ету мерзіміне немесе 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін, оқиғаның қайсысы бұрын басталатынына қарай) қолданылады.

Ескерту. 42-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

43. Тапсырыс беруші конкурстық өтінімдердің қолданылу мерзімі өткенге дейін әлеуетті жеткізушілерге осы мерзімді қосымша уақыт кезеңіне ұзарту туралы сұрау салу жібере алады. Әлеуетті жеткізуші сұрау алуды қабылдамаған жағдайда, соңғысы өз конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі ұзартылмаған кезеңде өткізілген ашық конкурсқа қатысу құқығынан айырылмайды.

44. Әлеуетті жеткізуші конкурстық өтінімді конкурстық құжаттамада көрсетілген оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін жүйеде ұсынады.

Әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімді ұсыну фактісі жүйеде автоматты түрде тіркеледі.

45. Әлеуетті жеткізушіге конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей мыналарға:

1) конкурстық өтінімді өзгертуге және (немесе) толықтыруға;

2) өзі енгізген конкурстық өтінімдерді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпай, өзінің конкурстық өтінімін қайтарып алуға жол береді.

46. Мыналарды:

1) әлеуетті жеткізушіге бір лотқа бір конкурстық өтінімнен артық;

2) әлеуетті жеткізушіге конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғаннан кейін конкурстық өтінімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Әлеуетті жеткізушілерге конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталған соң конкурстық өтінімді қайтарып алуға жол берілмейді.

47. Әлеуетті жеткізуші ашық конкурс тәсілімен сатып алудың бірнеше лотына қатысқан жағдайда, осы Қағидалардың 40-тармағының 1), 3), 4), 6), 7), 9), 12), 13), 14), 15) тармақшаларында көзделген құжаттар ашық конкурс тәсілімен сатып алудың әрбір лоты үшін жеке ұсынылады.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

48. Әлеуетті жеткізуші өзінің ашық конкурс тәсілімен сатып алуға қатысуымен байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші сатып алудың қорытындыларына қарамастан, осы шығындарды өтеу бойынша міндеттемелерді атқармайды.

6-параграф. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету

49. Тапсырыс берушіге аталған тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатып алу үшін конкурстық құжаттамада көзделген сомадан бір пайыздан артық конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мөлшерін белгілеуге жол берілмейді.

50. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай тәсілдердің бірімен енгізуге жол беріледі:

1) тапсырыс берушінің банк шотына енгізілетін кепілдікті ақшалай жарнасы;

2) Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше екінші деңгейдегі банктерінің банк кепілдігі.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу тәсілін таңдау құқығын әлеуетті жеткізуші жүзеге асырады.

51. Жеткізушінің шарт бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін үшінші адамларда енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға толық не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкелетін әрекет жасауына жол берілмейді.

52. Жеткізуші енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны осы Қағидалардың 54-тармағында көзделген жағдайлар туындағанға дейін тапсырыс берушінің пайдалануына жол берілмейді.

53. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу туралы талап мүгедектердің қоғамдық ұйымдарына қолданылмайды.

54. Тапсырыс беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі туындаған кезде:

1) ашық конкурстың жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса;

2) ашық конкурстың жеңімпазы сатып алу туралы шарт жасасып, егер оның енгізілуі конкурстық құжаттамада көзделген жағдайда, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарды орындамаса қайтармайды.

55. Осы Қағидалардың 54-тармағында көзделген жағдайлардың бірі туындаған жағдайда, конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы тапсырыс берушінің кірісіне есептеледі.

56. Тапсырыс беруші әлеуетті жеткізушіге өзі енгізген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай:

1) осы әлеуетті жеткізуші конкурстық өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін өзінің конкурстық өтінімін кері қайтарып алған;

2) тапсырыс беруші ашық конкурсқа қатысуға рұқсаттама хаттамасына қол қойған. Аталған тармақшаның шарттары сатып алуға қатысуға рұқсат алмаған әлеуетті жеткізушілерге қолданылады;

3) тапсырыс беруші ашық конкурс тәсілімен сатып алудың қорытындыларын шығару хаттамасына қол қойған. Аталған тармақша ашық конкурс жеңімпазы деп айқындалған ашық конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

4) сатып алу туралы шарт күшіне енген және ашық конкурс жеңімпазы егер оның енгізілуі конкурстық құжаттамада көзделген жағдайда, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген;

5) әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі өткен, жағдайлар туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады;

6) Тапсырыс берушінің ашық конкурс тәсілімен сатып алулардың нысаны болып табылатын ТЖҚ-ді сатып алудан бас тартуына байланысты ТЖҚ бойынша жекелеген лоттарды алып тастау.

Ескерту. 56-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

7-параграф. Конкурстық өтінімдерді ашу

57. Конкурстық өтінімді ұсыну фактісі мынадай мәліметтерді көрсете отырып, жүйеде автоматты режимде тіркеледі:

1) ашық конкурстың нысанасы (егер ашық конкурс нысанасына бірнеше лот кірген жағдайда лоттардың атаулары мен нөмірлері);

2) әлеуетті жеткізушінің атауы мен орналасқан орнының мекен жайы (заңды адамлар үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты және орналасқан орны (жеке адамлар үшін);

3) әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімді ұсынған күні және уақыты;

4) әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімді қайтарып алған күні мен уақыты.

58. Жүйеде әлеуетті жеткізушілердің конкурстық құжаттамада көрсетілген, оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін ұсынылатын конкурстық өтінімдері орналастырылмайды.

59. Электрондық цифрлық қолтаңба қойылған әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдерін ашу жүйеде конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

60. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасын тапсырыс беруші жүйеде қалыптастырады, тапсырыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады және конкурстық өтінімдерді ашу күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жүйеде және барлық пайдаланушыларға, оның ішінде тізілімде тіркелмеген пайдаланушыларға қолжетімді тізілімнің ашық бөлігінде тапсырыс берушінің ақпаратты қалыптастыру мен орналастыруға уәкілеттік берген адамы тізілімде орналастырады.

Жүйеде қалыптастырылған конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасының қағаз нұсқасына төраға және (немесе) төрағаның орынбасары, хатшы және конкурстық өтінімдерді ашу күні қатысқан барлық конкурстық комиссия мүшелеріні қол қояды.

Әлеуетті жеткізушінің тиісті жазбаша сұрау салуы бойынша үш жұмыс күні ішінде конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасының көшірмесі жіберіледі.

61. Жүйеде қалыптастырылатын конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасында Осы Қағидаларға 3-қосымшасында көрсетілген мәліметтер көрсетіледі.

8-параграф. Конкурстық комиссияның ашық конкурстың талаптарына сәйкес келуіне конкурстық өтінімдерді қарауы

62. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді қарайды және егер конкурстық құжаттамада өзгеше ұзақ мерзім көзделмесе, әлеуетті жеткізушілерді әрбір лот бойынша жеке конкурстық өтінімдерді ашқан күннен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

63. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімді, егер ол конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкес келсе не конкурстық құжаттамада жазылған сипаттамалары, шарттар мен өзге де талаптарды елеулі өзгертпейтін немесе олардан маңызды шегіну болып табылмайтын маңызды емес ауытқулар бар болса немесе онда конкурстық өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге келетін грамматикалық қателер бар болса, талаптарға сәйкес келетін өтінім ретінде қарайды.

64. Конкурстық өтінімдерді қараған кезде:

1) конкурстық өтінімдерді қарауды жеңілдету үшін конкурстық комиссияның жүйеде орналастыру арқылы ашық конкурстың әлеуетті жеткізушілерінен олардың мазмұнын өзгертпестен, бірақ конкурстық өтінімдерді қараудың соңғы мерзімі өткенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, олардың конкурстық өтінімдеріне байланысты түсіндірмеге сұрау салуға жол беріледі. Әлеуетті жеткізуші сұрау салуды тіркеген сәттен бастап екі жұмыс күн ішінде оған жауап береді және түсіндірмені жүйеде орналастырады;

2) тапсырыс берушіге әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтініміне қандай да бір өзгеріс енгізуге жол берілмейді;

3) конкурстық құжаттаманың және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтін конкурстық өтінімді осы талаптарға сәйкес келтіру үшін ешқандай сұрау салуларға, ұсыныстар немесе рұқсаттамаларға жол берілмейді.

Ескерту. 64-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

65. Конкурстық комиссия мынадай негіздер бойынша конкурстық өтінімді қабылдамайды және әлеуетті жеткізушіні ашық конкурсқа қатысуға жібермейді:

1) осы Қағидалардың 40-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмаса;

2) конкурстық өтінім осы Қағидалардың және конкурстық құжаттаманың талаптарын бұза отырып ресімделген (сканерден өткізілген) құжаттарды қамтыса;

3) конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімнен аз болса;

4) конкурстық өтінім және (немесе) қоса берілген құжаттама әріптік, цифрлық және өзге де нышандармен сәйкестендіруге келмейтін ақпаратты қамтыса, сондай-ақ файлды ашу қатесімен ұсынылса;

5) конкурстық өтінімде және (немесе) қоса берілген құжаттамада конкурстық өтінім бағасын қалыптастыру үшін сатып алынатын ТЖҚ және (немесе) тарифтердің құны көрсетілсе;

6) конкурстық өтінім және (немесе) қоса берілген құжаттама конкурстық құжаттама тілінен өзгеше тілде ұсынылса;

7) конкурстық өтінімді және (немесе) нотариуспен куәландырылған конкурстық құжаттама тіліне аудармасыз конкурстық құжаттама тіліне ұқсамайтын оған қоса берілетін құжаттама тілінде ұсыну;

8) банк немесе банк филиалының қолы және мөрі бар анықтаманың сканерден өткізілген көшірмесінде әлеуетті жеткізушінің аталған анықтаманың берілген күнінің алдындағы үш айдан

артық созылып келе жатқан міндеттеме түрлерінің біреуінен болса да мерзімі өткен қарыздардың болуы;

9) тиісті салық органының анықтамасында үш айдан астам бір теңге немесе одан көп мөлшерінде салық берешегі және міндетті зейнетақы жарнасы мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі туралы мәліметтердің болуы (Қазақстан Республикасының салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамасына сәйкес төлем мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда);

10) әлеуетті жеткізушінің конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы;

11) осы шарт негізінде аталған база иелерінің үшінші адамдарына қол жеткізуге рұқсат берілетін ақпараттық базаларда қамтылған мәліметтерге сәйкес әлеуетті жеткізуші, оның құрылтайшылары, акционерлер немесе құрылтайшының қатысушылары немесе әлеуетті жеткізушінің жарғылық капиталына жанама қатысатын өзге де адамдар сыбайлас жемқорлық немесе өзге де құқыққа қарсы қызметке араласса;

12) конкурстық құжаттамада көрсетілген әрбір лот бойынша пайыздармен (0-ден 100-ге дейін) тауарлардағы немесе жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту бойынша міндеттеме кем болса.

Осы тармақта көзделмеген негіздемелер бойынша конкурстық өтінімдерден бас тартуға жол берілмейді.

Рұқсат беру хаттамасында конкурстық комиссиясы әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімін қабылдамауға негіз болған себептерді түсіндіре отырып, Қағидалардың осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген конкурстық өтінімдерді қабылдамау негіздемесін көрсетеді.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

66. Конкурстық комиссия әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдерін қарау кезінде, әлеуетті жеткізушінің Заңның 78-бабының 7-тармағының ережелерін ескере отырып, Заңның 4 және 5-тармақтарында көзделген өлшемге сәйкес келетіндігін айқындау үшін әлеуетті жеткізуші ұсынған мәліметтерді әр лот бойынша бөлек ескереді.

Әлеуетті жеткізуші конкурстық өтінім бағасына әсер ететін критерийге өзінің сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, конкурстық комиссия осындай әлеуетті жеткізушінің конкурстық баға ұсынысына бағаны шартты төмендетуді қолданбайды.

Ескерту. 66-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

67. Әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімін тапсырыс берушінің конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімін ұзартуына байланысты оның төлем қабілеттілігін растайтын құжаттардың қолдану мерзімінің өтуі себебі бойынша бас тартуға жол берілмейді.

68. Егер неғұрлым жақсы функционалдық және басқа да сипаттамалары бар тауарлар мен көрсетілетін қызметтер ұсынылса, сондай-ақ егер неғұрлым жақсы технологиялық шешімдер және (немесе) ең жақсы материалдардан жасалған жұмыстарды орындау ұсынылса, конкурстық құжаттамада көрсетілген техникалық ерекшелікке әлеуетті жеткізушінің техникалық ерекшелігінің сәйкессіздігіне жол беріледі.

69. Ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беру хаттамасын осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес тапсырыс беруші жүйеде қалыптастырады, оған тапсырыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады және егер конкурстық құжаттамада өзгеше ұзақ мерзім көзделмесе, жүйеде тапсырыс берушінің ақпаратты қалыптастыру мен орналастыруға уәкілеттік берген адамы оны конкурстық өтінімдерді ашу күнінен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей жүйеде және барлық пайдаланушыларға, оның ішінде тізілімде тіркелмеген пайдаланушыларға қолжетімді тізілімнің ашық бөлігінде орналастырады.

Ашық конкурсқа қатысуға рұқсат хаттамасының қағаз нұсқасына конкурстық комиссияның төрағасы және (немесе) төрағасының орынбасары, хатшысы және қатысуға рұқсат беру рәсіміне қатысқан конкурстық комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Әлеуетті жеткізушінің тиісті жазбаша сұрау салуы бойынша үш жұмыс күні ішінде ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беру хаттамасының көшірмесі жіберіледі.

Ескерту. 69-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

70. Ашық конкурсқа қатысуға рұқсат потенциалды жеткізушілердің беру хаттамасы Осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген мәліметтерді қамтиды.

71. Конкурстық комиссия, егер ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беру хаттамасында өзгеше ұзақ мерзім көзделмесе, конкурстық баға ұсыныстарын ашуды және соңғы қабылдау күнін ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беру хаттамасына қол қойған күннен бастап екі жұмыс күнінен кейінгі күнге белгілейді.

Ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беру нәтижелері туралы мүдделі органдарды хабардар ету тапсырыс берушінің жүйеде ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілетті адамының ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беру хаттамасын орналастыру болып табылады.

Ескерту. 71-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

72. Ашық конкурстың барлық лоттары бойынша әлеуетті жеткізушілер ұсынған немесе жүйеде бас тартылмаған конкурстық өтінімдер жоқ болған жағдайда, ашық конкурсты өткізілмеді деп тану туралы шешім қабылданады және осы Қағидалардың 89-тармағында келтірілген тәртібіне сәйкес және Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша қорытындысын шығару хаттамасы ресімделеді.

9-параграф. Ашық конкурсқа қатысушылардың жүйедегі әрбір лот бойынша конкурстық баға ұсыныстарын ұсынуы

73. Электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған ашық конкурсқа қатысушының конкурстық баға ұсынысы сатып алынатын ТЖҚ-ның бағасынан басқа, оларды тасымалдауға және сақтандыруға, кедендік баждарды, салықтар мен алымдарды төлеуге кететін шығыстарды, сондай-ақ ҚҚС-ны есепке алмағанда тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарымен көзделген өзге де шығындарды ескере отырып, жүйеде әрбір лот бойынша бөлек ұсынылады.

74. Ашық конкурстың қатысушылары конкурстық баға ұсыныстарын ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беру хаттамасында көрсетілген мерзімінен кешіктірмей ұсынады.

Конкурстық баға ұсыныстарын қабылдау басталғанға дейін және (немесе) ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беру хаттамасында көрсетілген оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін әлеуетті жеткізушінің конкурстық баға ұсыныстарын не конкурстық баға ұсынысының құрамдас бөлігі болып табылатын құжаттарды және/немесе материалдарды ұсынуға жол берілмейді.

75. Ашық конкурстың қатысушысының жүйеде бір лотқа бір конкурстық баға ұсынысынан артық ұсынуына, жол берілмейді.

76. Ашық конкурстың қатысушыларына конкурстық баға ұсыныстарын ұсынудың мерзімі аяқталуынан кешіктірмей мыналарға:

1) өзінің конкурстық баға ұсынысын өзгертуге;

2) өзінің енгізген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуін қайтару құқығын жоғалтпай, конкурстық баға ұсынысын қайтарып алуға рұқсат етіледі.

10-параграф. Ашық конкурстың жеңімпазын айқындау

77. Ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беру хаттамасында көрсетілген конкурстық баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі өткеннен кейін ұсынылатын ашық конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстары жүйеде орналастырылмайды.

78. Ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беру хаттамасында белгіленген мерзімде конкурстық баға ұсыныстарын ұсынған ашық конкурстың қатысушылары туралы мәліметтер жүйеде автоматты түрде тіркеледі.

79. Ашық конкурсқа қатысушының уәкілетті адамы электрондық цифрлық қолтаңба қойылған конкурстық баға ұсынысын жүйеде орналастырған кезде, конкурстық баға ұсынысын беру фактісі мынадай мәліметтерді көрсету арқылы жүйеде автоматты түрде тіркеледі:

1) өнімнің модельдік статистикалық жіктеуішіне сәйкес ашық конкурстың нысанасы (ашық конкурс нысанасына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атаулары);

2) әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне сәйкес ашық конкурсқа қатысушының атауы және орналасқан орнының мекенжайы (заңды тұлғалар үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты және орналасқан орны (жеке адамлар үшін);

3) ашық конкурсқа қатысушының конкурстық баға ұсынысын ұсынған күні мен уақыты;

4) әр лотқа конкурстық баға ұсынысының бағасы.

80. Ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беру хаттамасында белгіленген күні, уақытта жүйеде ұсынылған конкурстық баға ұсыныстарын салыстыру және бағалау жүзеге асырылады.

81. Әлеуетті жеткізушінің электрондық цифрлық қолтаңба қойылған конкурстық баға ұсыныстарын ашу жүйеде жүзеге асырылады.

82. Ашық конкурсқа қатысушының конкурстық баға ұсынысының бағасы ашық конкурстың (лоттың) нысанасы болып табылатын ТЖҚ-ны сатып алуға бөлінген сомадан асқан жағдайда, ұсынылған конкурстық баға ұсыныстары жүйеде қабылданбайды.

83. Конкурстық баға ұсынысы ашық конкурстың немесе қайталама ашық конкурс шарттарына сәйкес келмейді деп қабылданбай қоймаған ашық конкурс немесе қайталама ашық конкурстың жалғыз қатысушысы болған жағдайда, бұл қатысушы жеңімпаз болып танылады.

84. Осы Қағидалардың 82-тармағында келтірілген шарт бойынша қабылданған конкурстық баға ұсыныстары тізілімде салыстырылады және бағаланады және Заңның 78-бабы 7-тармағының ережелерін ескере отырып, 4 және 5-тармақтарында көзделген бағаны шартты төмендету өлшемін ескере отырып, конкурстық баға ұсынысының ең төмен бағасының негізінде (лот бойынша) ашық конкурстың жеңімпазы айқындалады.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

85. Ашық конкурстың жеңімпазын айқындау кезінде Заңның 78-бабы 7-тармағының ережелерін ескере отырып, Заңның 78-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген бағаны шартты төмендету бойынша критерийді қолдануды ескере отырып, ашық конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарының бағасы тең болған жағдайда, басымдық қазақстандық тауар өндірушіге, қазақстандық жұмысты, көрсетілетін қызметті өндірушіге беріледі.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

86. Осы Қағидалардың 25-тармағы 21) тармақшасының ережелерін ескере отырып өткізілген ашық конкурстың нысанасы болып табылатын сатып алынатын ТЖҚ-дағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелердің ең үлкен пайызын ұсынған ашық конкурсқа қатысушысы мынадай жағдайларда:

1) Заңның 78-бабы 7-тармағының ережелерін ескере отырып, Заңның 78-бабы 4 және 5-тармақтарында көзделген бағаны шартты төмендету бойынша өлшемді қолдануды ескере отырып, тауарлардың қазақстандық өндірушілері, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушілері болып табылатын ашық конкурстың конкурстық баға ұсыныстарының бағалары тең болғанда ;

2) тауарлардың қазақстандық өндірушілері, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушілері болып табылмайтын ашық конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарының бағалары тең болған жағдайларда, ашық конкурстың нысанасы болып табылатын сатып алынатын ТЖҚ-де жергілікті қамту бойынша ең көп пайыз ұсынғанда жеңімпаз болып танылады.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

87. Конкурстық баға ұсынысы басқа ашық конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарынан тізіліміне бұрын түскен ашық конкурсқа қатысушысы:

1) Заңның 78-бабы 7-тармағының ережелерін ескере отырып, Заңның 4 және 5-тармақтарында көзделген бағаны шартты төмендету бойынша критерийді қолдануды ескере отырып, конкурстық баға ұсыныстары және тауарлардың қазақстандық өндірушілері, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушілері болып табылатын ашық конкурсқа қатысушылар ұсынған ашық конкурстың мәні болып табылатын сатып алынатын ТЖҚ-дағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелердің пайыздық көрінісі тең болғанда;

2) конкурстық баға ұсыныстары және тауарлардың қазақстандық өндірушілері, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушілері болып табылмайтын ашық конкурсқа қатысушылар ұсынған ашық конкурстың нысанасы болып табылатын сатып алынатын ТЖҚ-дағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелердің пайыздық көрінісі тең болғанда;

3) 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе әрекет ету мерзімі 2015 жылғы 1 қаңтардан кейін өзгертілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың шеңберінде өткізілетін ашық конкурстың нысанасы болып табылатын сатып алынатын тауарлардың конкурстық баға ұсыныстары конкурстық баға ұсынысы басқа ашық конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарынан бұрын жүйеде түскен ашық конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

88. Жалпы немесе жеке лот бойынша ашық конкурстың қорытындыларын шығарған кезде жүйеде тапсырыс беруші уәкілеттік берген адам мына шешімдердің бірін қалыптастырады:

1) ашық конкурстың немесе қайталама ашық конкурстың жеңімпазын жариялау туралы;

2) ұсынылған конкурстық өтінімдердің болмауына байланысты ашық конкурсты немесе қайталама ашық конкурсты өтпеді деп тану туралы;

3) әлеуетті жеткізушілердің барлық конкурстық өтінімдері немесе барлық конкурстық баға ұсыныстары ашық конкурстың немесе қайталама ашық конкурстың шарттарына сәйкес келмейтіндер ретінде қабылданбаған жағдайда, ашық конкурсты немесе қайталама ашық конкурсты өтпеді деп тану туралы;

4) ашық конкурстың немесе қайталама ашық конкурстың қатысушылары ұсынған конкурстық баға ұсыныстарының болмауына байланысты ашық конкурсты немесе қайталама ашық конкурсты өтпеді деп тану туралы.

89. Конкурстық баға ұсыныстарын салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша шешімді конкурстық баға ұсыныстары ашылған күнінен кешіктірмей жүйеде және барлық пайдаланушыларға, оның ішінде тізілімде тіркелмеген пайдаланушыларға қолжетімді тізілімнің ашық бөлігінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тапсырыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған ашық конкурстың қорытындысын шығару хаттамасы түрінде тапсырыс берушінің жүйеде ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілеттік берген адамы қалыптастырады және жариялайды.

Жүйеде қалыптастырылған ашық конкурстың қорытындысын шығару хаттамасының қағаз нұсқасына төраға және (немесе) төрағаның орынбасары, хатшы және осы Қағидалардың 88-тармағында келтірілген мәліметтерді көрсете отырып, конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру күнінен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей конкурстық комиссия мүшелерінің қорытындысын шығару күні барлық қатысқан конкурстық комиссия мүшелері қол қояды.

Әлеуетті жеткізушінің тиісті жазбаша сұрау салуы бойынша үш жұмыс күні ішінде ашық конкурстың қорытындысын шығару хаттамасының көшірмесі жіберіледі.

90. ТЖҚ-ны сатып алу бойынша ашық конкурстың қорытындысын шығару хаттамасы осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген мәліметтерді қамтиды.

91. Ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыруда белгіленген мерзімде ашық конкурстың жеңімпазымен ашық конкурс жеңімпазының конкурстық өтініміндегі, конкурстық баға ұсынысындағы шарттарға және шарттың елеулі талаптарына сәйкес келетін талаптарда шарт жасалады.

Шарт жасасу кезінде тараптардың өзара келісімі бойынша елеулі болып табылмайтын шарт жобасының талаптарын өзгертуге жол беріледі.

92. Егер өткізілген ашық конкурс нәтижелері бойынша ашық конкурс жеңімпазы:

1) конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің енгізілуін растайтын құжаттың түпнұсқасын ұсынбаса;

2) ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыруға сәйкес белгіленген мерзімде шартқа қол қоймаса және оны тапсырыс берушіге ұсынбаса;

3) сатып алу туралы шартқа қол қойып, шарт бойынша міндеттемелерін орындауға кіріспестен, шартты орындаудан бас тартса осындай әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдері шарттарында ұсыныстары ашық конкурстың қорытындысын шығару хаттамасына сәйкес жеңімпаздың ұсынысынан кейін неғұрлым басым болған ашық конкурстың кейінгі қатысушыларымен шарт жасасуға жол беріледі.

93. Егер ашық конкурс осы Қағидалардың 88-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген себептер бойынша өткізілмеді деп танылса, онда осы Қағидалардың 25-тармағының 1) тармақшасында

көзделген мәліметтерді қоспағанда, конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге және тапсырыс берушіге осы Қағидалардың 31, 32, 33-тармақтарында көрсетілген хабардар ету тәсілдерін қолдана отырып, қайталама ашық конкурс өткізуге не болмаса осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімде бір көзден сатып алу тәсілі арқылы сатып алуды жүзеге асыруға жол беріледі.

Егер қайталама конкурс осы Қағидалардың 88-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген себептермен өткізілмеді деп танылса, тапсырыс берушіге осы Қағидалардың 31, 32, 33-тармақтарында көрсетілген хабардар ету тәсілдерін қолдана отырып, жаңа конкурс өткізуіне не осы Қағидалармен белгіленген тәртіппен және мерзімде бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды өткізуіне жол беріледі.

Егер ашық конкурс осы Қағидалардың 88-тармағының 3) тармақшасында көзделген себеп бойынша әлеуетті жеткізушілер тауарлардағы немесе жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту бойынша конкурстық құжаттамадағы ең аз талаптарынан төмен болып табылатын міндеттемелерді ұсыну салдарынан өткізілмеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші қайталама ашық конкурсты өткізген кезде тауарлардағы немесе жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту бойынша талаптарды азайту жағына қарай өзгертеді.

94. Егер өтінімдері ашық конкурстың шарттарына сәйкес келмейді деп кері қайтарылмаған барлық жеткізушілер сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жағдайда, тапсырыс беруші осы Қағидалардың 31, 32, 33-тармақтарында көрсетілген хабардар ету тәсілдерін қолдана отырып, жаңа ашық конкурсты өткізеді.

4. Бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды немесе

көрсетілетін қызметтерді сатып алудың тәртібі

95. Бір көзден алу тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алу мынадай жағдайларда өткізіледі, егер:

1) ашық немесе қайталама ашық конкурс:

әлеуетті жеткізушілер ұсынған конкурстық өтінімдердің болмауына байланысты;

әлеуетті жеткізушілердің барлық конкурстық өтінімдері мен барлық конкурстық баға ұсыныстары конкурстың шарттарына сәйкес келмейтін ретінде қабылданбаған жағдайда;

конкурсқа қатысушылар ұсынған конкурстық баға ұсыныстарының болмауына байланысты өткізілмеді деп танылса;

2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу немесе қайталама сатып алу баға ұсыныстарының болмауына не болмаса қабылданбай қоймаған баға ұсыныстарының болмауына байланысты өткізілмеді деп танылса;

3) электрондық сатып алу жүйесі арқылы сатып алу немесе қайталама сатып алу:

әлеуетті жеткізушілер ұсынған конкурстық өтінімдердің болмауына байланысты;

әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдері сатып алу шарттарына сәйкес келмеген деп қабылданбаған жағдайда;

қатысушылардың ұсынған конкурстық баға ұсыныстарының болмауына байланысты өткізілмеді деп танылса.

96. Бір көзден алу тәсілімен ТЖҚ сатып алу мыналарды:

1) қандай да бір жеткізушіден ТЖҚ-ны сатып алған тапсырыс берушінің қолда бар ТЖҚ-мен үйлесімділігін біріздендіру, стандарттау немесе қамтамасыз ету мақсатында дәл сол жеткізушіден ТЖҚ-ны сатып алудың қажеттілігі туындаса;

2) қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтерді;

3) жол сапарларында кідірмей қалпына келтіруді талап ететін сынықтар пайда болғанда, механизмдер, агрегаттар істен шыққан кезде ТЖҚ-ны;

4) іссапар шығыстарын жүзеге асыруға байланысты көрсетілетін қызметтерді;

5) мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі көрсетілетін қызметтерді;

6) жылжымайтын мүлікті жалға алу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді;

7) табиғи монополия субъектілерінен реттелетін ТЖҚ-ны;

8) қызметінің негізгі мәні бойынша мемлекеттік монополия субъектісінен сатып алынатын ТЖҚ-ді;

9) төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және (немесе) жою, аварияларды жою үшін, оның ішінде жабдықтардың істен шығуы (жабдықтардың авариялық тоқтауы), барлық өндірістік циклды тоқтауына әкелетін істен шығу (авариялық тоқтау) жағдайларында ТЖҚ-ны;

10) ауыр жұмыстарда, зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін, сондай-ақ қауіптілігі жоғары, машиналармен және механизмдермен байланысты жұмыстарда жұмыс істейтін жұмысшыларды міндетті медициналық қараудан өткізу бойынша көрсетілетін қызметтерді;

11) мүгедектердің республикалық қоғамдық бірлестіктері құрған және сатып алынатын ТЖҚ-ны өндіретін ұйымдардан ТЖҚ-ны;

12) өкілдік шығыстарға байланысты тауарларды, көрсетілетін қызметтерді;

13) көрмелер, семинарлар, конференциялар, кеңестер, форумдар, симпозиумдер, тренингтердің материалдарын сатып алу, сондай-ақ көрсетілген іс-шараларға қатысқаны үшін төлемдер төлеуді;

14) қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі мерзімді баспасөз басылымдарын, бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты орналастыру бойынша қызметтерді, сондай-ақ интернет-ресурстарында орналастырылған ақпаратты, әртүрлі магниттік жеткізгіштерде шығарылған дыбыстандырылған кітаптарды, рельефтік-нүктелік қаріппен басылған кітаптарды ұсыну бойынша қызметтерді;

15) жер қойнауын пайдаланушының жұмысшыларды, олардың балаларын, жер қойнауын пайдаланушының есебінде тұрған зейнеткерлерді емдеуге, олардың демалысын ұйымдастыруға байланысты қызметтерді (емдеу, демалыс орындарына дейін тасымалдау мен жөнелтуді қоса алғанда);

16) рейтингтік агенттіктер көрсететін қызметтерді, қаржылық қызметтерді;

17) мамандандырылған кітапханалар көрсететін қызметтерді;

18) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтарға ие адамдан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын ТЖҚ-ны;

19) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сауда-саттықта (аукциондарда) өткізілетін мүлікті (активтерді);

20) үйлестірілген электрондық сатып алу жүйесін пайдалану қызметтерін;

21) қазақстандық жұмыс (көрсетілетін қызмет) өндірушілерінен ғылыми-зерттеу және/немесе тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді);

22) өндірістік қуаттары қалдықтарды олардың түзілу көзінен барынша аз тасымалдауды қамтамасыз ететін, шаруашылық қызмет процесінде жеткізушіде түзілетін қалдықтарды қайта өңдеу, алып тастау, орналастыру, тасымалдау және кәдеге жарату жұмыстарын;

23) тамақ өнімдерін және/немесе тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді;

24) келісімшартты орындау кезінде тартылған Қазақстан Республикасы азаматтары болып табылатын қызметкерлерді оқыту, біліктілігін арттыру және қайта даярлау бойынша немесе Қазақстан Республикасы азаматтарын Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес құзыретті органмен келісілген мамандықтардың тізбесі бойынша оқыту жөнінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттық міндеттемелерін орындау үшін білім беру мекемелері көрсететін қызметтерді;

25) 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде сатып алынатын (қайсысының бұрынырақ болуына байланысты, келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін, немесе 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін) тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі кемінде 65 (алпыс бес) пайызды құраған жағдайда тауарларды (көмірсутек шикізаты саласындағы тауарларды сатып алу үшін);

26) 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде сатып алынатын (қайсысының бұрынырақ болуына байланысты, келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін, немесе 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін) тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі кемінде 50 (елу) пайызды құраған жағдайда тауарларды (көмірсутек шикізаты саласындағы тауарларды сатып алуды қоспағанда);

27) дәрілік құралдарды;

28) нотариат көрсететін қызметтерді;

29) телефон және ұялы байланыс қызметтерін, Интернетке қол жеткізу қызметтерін;

30) коммуналдық қызметтерді;

31) құзыретті орган құрған пайдалы қазбалар кен орындарын барлау және игеру жөніндегі орталық комиссияның тізімінде тұрған тәуелсіз сарапшылардан жобалау құжаттамасын сараптау бойынша көрсетілетін қызметтерді;

32) бірінші, екінші және үшінші деңгейдегі мұнайдың авариялық төгілуін жою және алдын алуды қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді;

33) авторлық қадағалау қызметтерін;

34) моноқалаларда тіркелген жалғыз қала қалыптастырушы кәсіпорын тапсырыс берушінің кәсіпорны болып табылатын қазақстандық ТЖҚ өндірушілерінен ТЖҚ-ны;

35) жылдық көлемі құндық көріністе тиісті қаржы жылына белгіленген екі жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын ТЖҚ-ны сатып алу кезінде қолданылады;

36) Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы №874 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жасалған оффтейк-шарттар мен технологиялық келісімдер шеңберінде өндірілген тауарларды.

Ескерту. 96-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

97. Осы Қағидалардың 95-тармағының 1), 3) тармақшаларына сәйкес бір көзден алу тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алу өткізілген жағдайда, сатып алудың шарттары өтпеген сатып алудың конкурстық құжаттамасының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Осы Қағидалардың 95-тармағының 2) тармақшасына сәйкес бір көзден сатып алу тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алу өткізілген жағдайда сатып алудың шарттары өтпеген сатып алу шартының жобасындағы елеулі талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Егер сатып алу осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 3), 4) тармақшаларына сәйкес осы Қағидаларды бұза отырып, өткізілген болса, осы Қағидалардың 95-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларына сәйкес бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды қолдануға жол берілмейді.

98. Бір көзден алу тәсілімен біртекті болып табылмайтын ТЖҚ-ны сатып алуды өткізген кезде тапсырыс берушіге сатып алудың қорытындысын шығару хаттамасында мұндай ТЖҚ-ны міндетті түрде лоттарға бөле отырып, көрсетілген тәсілмен бірыңғай сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жол беріледі.

Бір көзден алу тәсілімен біртекті ТЖҚ-ның бірнеше түрін сатып алу ТЖҚ-ны олардың біртекті түрлері және оларды жеткізудің (орындаудың, көрсетудің) орындары бойынша лотқа бөлу арқылы жүзеге асырылады.

Біртекті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жер қойнауын пайдалануға арналған бірнеше келісімшарттың шеңберінде бір көзден алу тәсілімен сатып алуды тапсырыс беруші жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша сатып алынатын ТЖҚ көлемдерінің үлестірілуін міндетті түрде көрсету арқылы жүзеге асырады.

99. Бір көзден алу тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алудың қорытындыларын шығару хаттамасы осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген ақпаратты қамтиды.

100. Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір көзден алу тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алудың қорытындыларын шығару хаттамасы жүйеде қалыптастырылады, оған тапсырыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады және осы Қағидаларға 6-қосымшада келтірілген мәліметтерді көрсете отырып, шарт жасалған күннен кешіктірмей тапсырыс берушінің жүйеде ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілеттік берген адамы оны жүйеде және барлық пайдаланушыларға, оның ішінде тізілімде тіркелмеген пайдаланушыларға қолжетімді тізілімнің ашық бөлігінде орналастырады.

Жүйеде қалыптастырылған бір көзден алу тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алудың қорытындыларын шығару хаттамасының қағаз нұсқасына тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі қол қояды.

Жеткізушінің тиісті жазбаша сұрау салуы бойынша үш жұмыс күні ішінде бір көзден алу тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алу қорытындыларын шығару хаттамасының көшірмесі жіберіледі.

Сатып алу туралы шарт бір көзден алу тәсілімен ТЖҚ сатып алу қорытындыларын шығару хаттамасына қол қойған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жасалады.

5. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың тәртібі

101. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алу тапсырыс беруші үшін сипаттамасының елеулі маңызы жоқ ТЖҚ-ға өткізіледі, бұл ретте шешуші шарт баға болып табылады.

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық сипаттамаларын көрсете отырып сипаттауға жол берілмейді.

102. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілі белгілі бір тауарды не болмаса белгілі бір жұмысты, көрсетілетін қызметті сатып алудың жылдық көлемі құндық көріністе тиісті қаржы жылына белгіленген он төрт мың еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспаған жағдайда қолданылады.

103. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілін қолдану мақсатында белгілі бір тауарды, белгілі бір жұмысты, көрсетілетін қызметті сатып алудың жылдық көлемін қаржы жылының ішінде біреуінің мөлшері осы Қағидалардың 102-тармағында көзделген мөлшерден кем болатын бөліктерге бөлуге жол берілмейді.

104. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен біртекті ТЖҚ-ның бірнеше түрін сатып алу ТЖҚ-ны олардың біртекті түрлері және оларды жеткізудің (орындаудың, көрсетудің) орындары бойынша лоттарға бөлу арқылы жүзеге асырылады.

Тапсырыс беруші біртекті тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жер қойнауын пайдалануға арналған бірнеше келісімшарттың шеңберінде өткізген жағдайда, тауарларды жеткізудің, қызметтерді көрсетудің немесе жұмыстарды орындаудың бірыңғай жері және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша сатып алынатын ТЖҚ көлемдерінің үлестірілуі міндетті түрде көрсетілсе, осындай ТЖҚ-ны бір лотпен сатып алуға жол беріледі.

Осы тармақта көзделген жағдайларда, баға ұсыныстарын қарау, бағалау және салыстыру, сондай-ақ жеңімпазды айқындау сатып алу туралы хабарландыруда көзделген әрбір лот бойынша жүзеге асырылады.

105. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарландыру баға ұсыныстарын ұсыну мерзімінің аяқталуына дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей жүйеде қалыптастырылады, оған тапсырыс берушінің жүйеде ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілеттік берген адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады және барлық пайдаланушыларға, оның ішінде тізілімде тіркелмеген пайдаланушыларға қолжетімді тізілімнің ашық бөлігінде орналастырады және аптасына кемінде үш рет басылып шығарылатын және Қазақстан Республикасы аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайталама сатып алуды өткізген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы немесе оның уәкілетті адамы осы тармақта көрсетілген хабардар ету тәсілдерін қолдана отырып, баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті хабарламаның жариялануын қамтамасыз етеді.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тапсырыс берушіде бар жабдықты жете жинақтау, жаңғырту,

жөндеу және жете жарақтандыру үшін ТЖҚ сатып алуды қоспағанда, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы үлгілерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығу орнының атауы мен өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жеке әлеуетті жеткізушісіне және (немесе) өндірушісіне тиесілілігін айқындайтын өзге де сипаттамалардың мазмұнын көрсетуге жол берілмейді.

Ескерту. 105-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

106. Жүйеде және тізілімде орналастырылатын баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алудың өткізілуі туралы хабарландыру мыналарды қамтиды:

1) тапсырыс берушінің атауы мен әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне сәйкес орналасқан орны;

2) өнімнің модельдік статистикалық жіктеуішіне сәйкес баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың нысанасы (егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу нысанасына бірнеше лоттар кірген жағдайда лоттардың атаулары және нөмірлері);

3) өлшем және есеп бірліктерінің мемлекетаралық жіктеуішіне сәйкес өлшем бірлігі, сипаты, әрбір лот бойынша сатып алынатын тауарлардың саны немесе орындалатын жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің көлемі;

4) әрбір лот бойынша тауарларды жеткізудің, қызметтерді көрсетудің, жұмыстарды орындаудың мерзімі және орны;

5) баға ұсыныстарын қабылдаудың басталу және аяқталу күні, уақыты;

6) баға ұсыныстарын ашудың күні және уақыты;

7) ҚҚС-ны есепке алмағанда, теңгеде көрсетілген әрбір лот бойынша тауарды сатып алуға, жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге бөлінген сома;

8) әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысына, ҚҚС-ны есепке алмағанда, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығыстарды қосудың қажеттілігі туралы талап;

9) әлеуетті жеткізушілердің жүгінуі үшін электрондық почтаның мекенжайы мен телефон нөмірлері;

10) қорытындылар шығарылған күннен бастап сатып алу туралы шарт жасасудың талап етілетін мерзімі. Шартты жасасу мерзімі осы Қағидалардың 168-тармағына сәйкес айқындалады;

11) 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде сатып алуды орындау кезінде (келісімшарттың әрекет ету мерзіміне немесе 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін, оқиғаның қайсысы бұрын басталатынына қарай) ұсынылатын:

әрбір лот бойынша пайыздарда көрсетілген (0-ден 100-ге дейін) тауарлардағы;

әрбір лот бойынша пайыздарда көрсетілген (0-ден 100-ге дейін) жұмыстардағы (көрсетілген қызметтердегі) жергілікті қамту бойынша ең аз талаптар;

12) елеулі талаптары көрсетілген әрбір лот бойынша сатып алу туралы шарт жобасы. Жүйеде баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастырғаннан кейін сатып алу туралы шарт жобасының елеулі талаптарына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді;

13) олардың шеңберінде сатып алу жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт(-тардың) нөмір(-лер)і;

14) сатып алу коды және жүйенің интернет-ресурсының мекенжайы.

Ескерту. 106-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

107. Мерзімді баспа басылымдарында жарияланатын баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алуды өткізу туралы хабарландыру осы Қағидалардың 106-тармағының 1), 2), 5), 7), 14) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты қамтиды.

108. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысу және сатып алу туралы шарт жобасының елеулі талаптарымен танысу үшін әлеуетті жеткізушілер сатып алу туралы шарт жобасын жүктейді (көшіріп алады).

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға сатып алу туралы шарт жобасын жүктемеген (көшіріп алмаған) әлеуетті жеткізушінің қатысуына жол берілмейді.

Шарт жобасының көшірмесін ұсыну фактісі жүйеде автоматты түрде тіркеледі.

109. Тапсырыс берушіге баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізуден бас тарту туралы жүйеде хабарлау арқылы баға ұсыныстарын қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей ТЖҚ-ны сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуына жол беріледі.

110. Әлеуетті жеткізушіге баға ұсыныстарын ұсынудың соңғы мерзімінен кешіктірмей:

1) баға ұсынысын өзгертуге және (немесе) толықтыруға;

2) өзінің баға ұсынысын кері қайтарып алуға жол беріледі.

111. Әлеуетті жеткізушіге мыналарға:

1) бір лотқа біреуден артық баға ұсынысын енгізуге;

2) баға ұсыныстарын ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін баға ұсынысына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуге және кері қайтарып алуға жол берілмейді.

112. Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысын ұсынуы сатып алу туралы шарттың жобасында көзделген елеулі талаптарды сақтай отырып, оның тауарды жеткізуді, жұмысты орындауды, қызметті көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдірудің нысаны болып табылады.

113. Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы мыналарды қамтиды:

1) атауы, орналасқан орнының мекенжайы, БСН-і (заңды тұлға үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты және орналасқан орны, ЖСН-і немесе БСН-і (жеке тұлға үшін);

2) өнімнің модельдік статистикалық жіктеуішіне сәйкес баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың нысанасы (егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың нысанасына бірнеше лот кірсе, лоттардың атауы мен нөмірлері);

3) өлшем және есеп бірліктерінің мемлекетаралық жіктеуішіне сәйкес өлшем бірлігі, сипаты, әрбір лот бойынша сатып алынатын тауарлардың саны немесе орындалатын жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің көлемі;

4) әрбір лот бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және (немесе) қызметтерді көрсетудің мерзімдері мен орны;

5) әлеуетті жеткізушінің лот үшін ұсынған бағасы;

6) 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде сатып алуды орындау кезінде (келісімшарттың әрекет ету мерзіміне немесе 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін, оқиғаның қайсысы бұрын басталатынына қарай) ұсынылатын:

әрбір лот бойынша пайыздарда көрсетілген (0-ден 100-ге дейін) тауарлардағы;

әрбір лот бойынша пайыздарда көрсетілген (0-ден 100-ге дейін) жұмыстардағы (көрсетілген қызметтердегі) жергілікті қамту бойынша міндеттемелер;

7) сатып алу туралы шарт жобасының елеулі талаптарымен келісуі.

Ескерту. 113-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

114. Тапсырыс беруші баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алуды өткізу туралы орналастырған хабарландыруда көрсетілген шарттарға сәйкес баға ұсынысында тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетудің шарттары көрсетіледі.

115. Электрондық цифрлық қолтаңба қойылған баға ұсынысы тапсырыс берушіге баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алуды өткізу туралы хабарландырумен белгіленген мерзімде жүйеде орналастыру арқылы әлеуетті жеткізушінің уәкілетті адамы береді.

116. Баға ұсынысын беру фактісі осы Қағидалардың 113-тармағында көзделген мәліметтерді көрсете отырып жүйеде автоматты түрде тіркеледі.

117. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарландыруда көзделген ұсыну мерзімі өтіп кеткеннен кейін баға ұсыныстары жүйеде орналастырылмайды.

118. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алуды өткізу туралы хабарландыруда белгіленген мерзімде жүйеде баға ұсыныстарын ашу жүзеге асырылады.

119. Әлеуетті жеткізушілердің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған және жүйеде орналастырылған баға ұсыныстары ашылған күннен кешіктірілмей жүйеде әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстарын ашу хаттамасы қалыптастырылады және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың қорытындылары шығарылады.

120. Баға ұсыныстарын ашу мен баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың қорытындыларын шығару хаттамасы осы Қағидаларға 7-қосымшада көрсетілген мәліметтерді қамтиды.

121. Баға ұсыныстарын ашу мен баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың қорытындыларын шығару хаттамасы қалыптастырылады, оған тапсырыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады, осы Қағидаларға 7-қосымшада келтірілген мәліметтерді көрсете отырып, жүйеде және барлық пайдаланушыларға, оның ішінде тізілімде тіркелмеген пайдаланушыларға қолжетімді тізілімнің ашық бөлігінде баға ұсыныстарын ашу күнінен кешіктірілмей орналастырылады.

Жүйеде қалыптастырылған баға ұсыныстарын ашу мен баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың қорытындыларын шығару хаттамасының қағаздағы нұсқасына тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі қол қояды.

Әлеуетті жеткізушінің тиісті жазбаша сұрау салуы бойынша үш жұмыс күнінің ішінде баға ұсыныстарын ашу хаттамасының көшірмесі жіберіледі.

Ескерту. 121-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

122. Егер:

1) ол аталған ТЖҚ-ны сатып алу үшін лотқа бөлінген сомадан асып кетсе;

2) ол жүйеде орналастырылған баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың өткізілуі туралы хабарландыруда тапсырыс беруші көрсеткен мөлшерден кем болатын ұсынылатын тауарлардағы немесе жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді қамтыса;

3) әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы шарт жобасының елеулі талаптарымен келіспесе немесе оларды өзгертуді және (немесе) толықтыруды ұсынса, әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысынан бас тартылады.

Өзге негіздемелер бойынша баға ұсыныстарының қабылданбауына жол берілмейді.

123. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың жеңімпазы жүйеде ең төменгі баға ұсынысының негізінде айқындалады.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарландыруда белгіленген мерзімде, сатып алудың жеңімпазымен шарттың елеулі талаптарын және сатып алудың жеңімпазының баға ұсыныстарын сақтай отырып, шарт жасалады.

124. Баға ұсынысынан бас тартылмаған жалғыз әлеуетті жеткізуші болған жағдайда, осындай әлеуетті жеткізуші жеңімпаз болып танылады.

125. Осы Қағидалардың 106-тармағы 11) тармақшасының талаптарын ескере отырып ең төменгі баға ұсынысын бірнеше әлеуетті жеткізуші ұсынған жағдайда, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың нысанасы болып табылатын сатып алынатын ТЖҚ-дағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелердің ең үлкен пайызын ұсынған әлеуетті жеткізуші жеңімпаз болып танылады.

Әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстары мен баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың нысанасы болып табылатын сатып алынатын ТЖҚ-дағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелердің пайыздық көрсеткіші тең болған жағдайда, осы Қағидалардың 106-тармағы 11) тармақшасының талаптарын ескере отырып баға ұсынысын басқа әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстарынан бұрын түскен әлеуетті жеткізуші жеңімпаз болып танылады.

Ескерту. 125-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

126. Осы Қағидалардың 122-тармағына сәйкес бас тартылмаған баға ұсыныстары болмаған жағдайда, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайталама сатып алу өтпеді деп танылады.

127. Егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу баға ұсыныстарының болмауына не осы Қағидалардың 122-тармағына сәйкес бас тартылмаған баға ұсыныстарының жоқтығына байланысты өтпеді деп танылса, онда осы Қағидалардың 106-тармағының 2) тармақшасында көзделген

мәліметтерді қоспағанда, шарт жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге және тапсырыс берушіге баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен ТЖҚ-ны қайталама сатып алуды жүргізуге немесе осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімде бір көзден алу тәсілі арқылы сатып алуды жүзеге асыруға жол беріледі.

Егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайталама сатып алу баға ұсыныстарының болмауына не осы Қағидалардың 122-тармағына сәйкес бас тартылмаған баға ұсыныстарының жоқтығына байланысты өтпеді деп танылса, онда тапсырыс берушіге баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен ТЖҚ-ны жаңадан сатып алуды жүргізуге немесе осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімде бір көзден алу тәсілі арқылы сатып алуды жүзеге асыруға жол беріледі.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың жеңімпазы шарт жасасудан бас тартқан жағдайда, ұсыныстары баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың қорытындысын шығарудың хаттамасына сәйкес жеңімпаздың ұсынысынан кейін анағұрлым басым болып табылатын, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың басқа қатысушыларымен шарт жасасуға жол беріледі.

Егер өткізілген сатып алудың нәтижелері бойынша сатып алу жеңімпазы сатып алу туралы шартқа қол қойып, шарт бойынша міндеттемелеріне кіріспестен, шартты орындаудан бас тартса, ұсыныстары осындай әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстары шарттарында конкурстың қорытындысын шығару хаттамасына сәйкес жеңімпаздың ұсынысынан кейін анағұрлым басым болып табылатын сатып алудың кейінгі қатысушыларымен шарт жасасуға жол беріледі.

128. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың қорытындысы шығарылған күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс беруші аптасына кемінде үш рет мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланатын Қазақстан Республикасының аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың қорытындылары туралы мынадай ақпаратты қамтитын хабарландыруды орналастырады:

1) тапсырыс берушінің атауы және әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне сәйкес орналасқан орны;

2) өнімнің модельдік статистикалық жіктеуішіне сәйкес баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың нысанасы (баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу нысанасына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атаулары мен нөмірлері), сипаттамасы, өлшем және есеп бірліктерінің мемлекетаралық жіктеуішіне сәйкес өлшем бірлігі, әрбір лот бойынша сатып алынатын тауарлардың саны немесе орындалатын жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің көлемі;

3) сатып алудың коды мен жүйенің интернет-ресурсының мекенжайы.

6. Электрондық сатып алу жүйесі арқылы ТЖҚ-ны сатып алудың тәртібі

129. Электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен сатып алуға қатысу үшін әлеуетті жеткізушілер әрбір лот бойынша конкурстық құжаттаманы және техникалық ерекшелікті жүктейді (көшіріп алады).

130. Әрбір лот бойынша конкурстық құжаттаманы және техникалық ерекшелікті жүктемеген (көшіріп алмаған) әлеуетті жеткізушінің электрондық сатып алу жүйесі арқылы сатып алуға қатысуға жол беріледі.

Конкурстық құжаттаманың және техникалық ерекшеліктің көшірмесін ұсыну фактісі жүйеде автоматты түрде тіркеледі.

131. Электрондық сатып алу жүйесі арқылы ТЖҚ-ны сатып алу рәсімдері конкурстық баға ұсыныстарын ұсынудың және осындай сатып алудың жеңімпазын айқындау рәсімдерін қоспағанда, ашық конкурс тәсілімен сатып алудың рәсімдеріне сәйкес келеді.

132. Электрондық сатып алу жүйесі арқылы сатып алуға қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізушілер конкурстық баға ұсыныстарының бағаларын электрондық сатып алу жүйесі арқылы сатып алу бойынша жалпы немесе жүйедегі жеке лот бойынша ұсынады және оларға электрондық цифрлық қолтаңба қояды.

Конкурстық өтінімдердің бағаларын ұсыну мерзімі – егер конкурстық құжаттамада осыдан қысқа мерзім көзделмесе, электрондық сатып алу жүйесі арқылы сатып алуға қатысуға рұқсат беру хаттамасы жүйеде орналастырылған сәттен бастап, қырық сегіз сағат. Осындай мерзім бес сағаттан кем болмауы тиіс және осы тармақтың соңғы абзацында жазылған талаптарды ескере отырып, Астана уақыты бойынша 9-00-ден 20-00-ге дейінгі уақыт аралығында болуы тиіс.

Электрондық сатып алу жүйесі арқылы сатып алуға қатысуға рұқсат беру хаттамасын сауда-саттықты жүргізу үшін қажетті уақытты ескере отырып, тек қана жұмыс күндерінде орналастыруға жол беріледі, бұл күндер "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңға сәйкес демалыс күндеріне және (немесе) мереке күндеріне сәйкес келмеуі немесе олармен үзілмеуі тиіс.

133. Әлеуетті жеткізуші ұсынатын конкурстық баға ұсыныстарының саны шектелмеген, жеткізуші өз баға ұсынысын бірнеше рет төмендету жағына өзгерте алады.

134. Электрондық сатып алу жүйесі арқылы сатып алуға қатысушылар шартты баға ескерілген конкурстық баға ұсыныстарын және сатып алуға қатысатын, олардың атауы көрсетілмеген әлеуетті жеткізушілердің санын көру мүмкіндігіне ие.

135. Егер сауда-саттықтың жабылуына дейінгі үш минуттың ішінде әлеуетті жеткізушілердің біреуі жаңа ең төменгі конкурстық баға ұсынысын енгізсе, сауда-саттықтың жабылу уақыты автоматты түрде он бес минутқа ұзартылады, бірақ үш реттен артық емес.

136. Сауда-саттық қорытындылары бойынша жүйеде тапсырыс беруші уәкілеттік берген адам осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан электрондық сатып алу жүйесі арқылы ТЖҚ-ны сатып алудың қорытындыларын шығару хаттамасы қалыптастырады.

137. Сауда-саттық нәтижелері жүйеде орналастырылады және оларға жүйеде еркін қол жеткізуге болады.

138. Тапсырыс берушіге сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімінің аяқталуына дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық сатып алу жүйесі арқылы сатып алуды жүргізуден бас тартуға жол беріледі.

Бұл ретте, егер электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілмен сатып алуды өткізу туралы хабарлама жүйеде орналастырылса, электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілмен сатып алуды өткізуден бас тарту туралы хабарлама тізілімге автоматты түрде берілуге жатады.

139. Конкурстық баға ұсыныстарының бағаларын бағалау және салыстыру тізілімде жүзеге асырылады және Заңның 78-бабы 7-тармағының ережелерін ескере отырып, Заңның 4 және 5-тармақтарында көзделген бағаны шартты түрде азайту өлшемін ескере отырып, конкурстық баға ұсынысының ең төменгі бағасының негізінде оның жеңімпазы айқындалады.

ТЖҚ-ны электрондық сатып алу жүйесі тәсілімен сатып алу жеңімпазын айқындау кезінде, Заңның 78-бабы 7-тармағының ережелерін ескере отырып, Заңның 78-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген бағаны шартты азайту өлшемінің қолданылуын ескере отырып, сатып алуға қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстары тең болған жағдайда, тауарларды қазақстандық өндірушіге, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушісіне артықшылық беріледі.

Ескерту. 139-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

140. Мынадай жағдайларда:

1) Заңның 78-бабы 7-тармағының ережелерін ескере отырып, Заңның 78-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген бағаны шартты азайту критерийінің қолданылуын ескере отырып, тауарлардың қазақстандық өндірушілері, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушілері болып табылатын электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алуға қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарының бағалары тең болса;

2) тауарлардың қазақстандық өндірушілері, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушілері болып табылмайтын, электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алуға қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарының бағалары тең болса;

Тауарларды сатып алуды жүзеге асыру кезінде осы тармақтың ережелері 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша (келісімшарттың әрекет ету мерзімінің аяқталуына немесе 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін, оқиғаның қайсысы бұрын басталатынына қарай) қолданылады.

Ескерту. 140-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

141. Мынадай жағдайларда:

1) Заңның 78-бабы 7-тармағының ережелерін ескере отырып, Заңның 78-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген бағаны шартты азайту өлшемінің қолданылуын ескере отырып, конкурстық баға ұсыныстарының бағалары және тауарлардың қазақстандық өндірушілері, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушілері болып табылатын электрондық сатып алу жүйесі

арқылы тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алуға қатысушылар ұсынған электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алудың нысанасы болып табылатын сатып алынатын ТЖҚ-ның жергілікті қамтуы бойынша міндеттемелердің пайыздық көрінісі тең болса;

2) конкурстық баға ұсыныстарының бағалары және тауарлардың қазақстандық өндірушілері, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушілері болып табылмайтын электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алуға қатысушылар ұсынған электрондық сатып алу жүйесі арқылы ТЖҚ-ны сатып алудың нысанасы болып табылатын сатып алынатын ТЖҚ-ның жергілікті қамту бойынша міндеттемелердің пайыздық көрінісі тең болса;

3) ашық конкурстың қатысушыларымен ұсынылған 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе әрекет ету мерзімі 2015 жылғы 1 қаңтардан кейін өзгертілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде өткізілетін электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен тауарды алудың конкурстық баға ұсыныстарының бағалары тең болса.

Ескерту. 141-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

142. Электрондық сатып алу жүйесі арқылы жалпы немесе жеке лот бойынша сатып алудың қорытындылары бойынша жүйеде мынадай шешімдердің бірі қалыптастырылады:

1) электрондық сатып алу жүйесі арқылы сатып алудың немесе қайталама сатып алудың жеңімпазын жариялау туралы;

2) әлеуетті жеткізушілер ұсынған конкурстық өтінімдердің болмауына байланысты электрондық сатып алу жүйесі арқылы сатып алу немесе қайталама сатып алуды өтпеді деп тану туралы;

3) әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдері электрондық сатып алу жүйесі арқылы сатып алу немесе қайталама сатып алу шарттарына сәйкес келмейтіндер ретінде бас тартылған жағдайда, электрондық сатып алу жүйесі арқылы сатып алуды немесе қайталама сатып алуды өтпеді деп тану туралы;

4) әлеуетті жеткізушілердің ұсынылған конкурстық баға ұсыныстарының болмауына байланысты электрондық сатып алу жүйесі арқылы сатып алуды немесе қайталама сатып алуды өтпеді деп тану туралы.

143. Электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алудың қорытындысы бойынша жүйеде электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алудың қорытындысын шығару хаттамасы қалыптастырылады, онда осы Қағидаларға 8-қосымшада келтірілген мәліметтер көрсетіледі.

144. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру қорытындылары бойынша шешім конкурстық баға ұсыныстары ашылған күннен кешіктірмей жүйеде және тапсырыс берушінің ақпаратты жүйеде қалыптастыруға және орналастыруға уәкілеттік берген адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен сатып алу қорытындысын шығару хаттамасы түрінде барлық пайдаланушыларға, оның ішінде тізілімге тіркелмеген пайдаланушыларға қолжетімді тізілімнің ашық бөлігінде қалыптастырылады және жарияланады.

145. Электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарландыруға сәйкес белгіленген мерзімде жеңімпазбен конкурстық өтінімнің, жеңімпаздың конкурстық баға ұсынысының және шарттың елеулі талаптарына сәйкес келетін талаптарда шарт жасалады.

Шарт жасасу кезінде тараптардың өзара келісімі бойынша маңызды болып табылмайтын шарт жобасының талаптарын өзгертуге жол беріледі.

146. Егер электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен өткізілген сатып алу нәтижелері бойынша сатып алу жеңімпазы:

1) конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ететін құжаттың түпнұсқасын ұсынбаса (конкурстық құжаттамада тиісті талаптар болған жағдайда);

2) электрондық сатып алу жүйесі арқылы сатып алуды өткізу туралы хабарландыруға сәйкес белгіленген мерзімдерде шартқа қол қоймаса және оны тапсырыс берушіге ұсынбаса;

3) сатып алу туралы шартқа қол қойып, шарт бойынша міндеттемелерін орындауға кіріспестен, шартты орындаудан бас тартса, осындай әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдері талаптарында ұсыныстары электрондық сатып алу жүйесі арқылы сатып алудың қорытындысын шығару хаттамасына сәйкес жеңімпаздың ұсынысынан кейін анағұрлым басым болып табылатын электрондық сатып алу жүйесі арқылы сатып алудың кейінгі қатысушыларымен шарт жасасуға жол беріледі.

147. Егер осы Қағидалардың 142-тармағының 2), 3) 4) тармақшаларында көзделген себептер бойынша электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылса, онда конкурстық құжаттамаға осы Қағидалардың 25-тармағының 1) тармақшасында көзделген мәліметтерді қоспағанда, осы Қағидалардың 31, 32, 33-тармақтарында көрсетілген хабардар ету тәсілдерін қолдана отырып, өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге жол беріледі және тапсырыс берушіге электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен қайталама сатып алуды өткізуге немесе осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімде бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыруға жол беріледі.

Егер осы Қағидалардың 142-тармағының 2), 3) 4) тармақшаларында көзделген себептер бойынша электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен қайталама сатып алу өтпеді деп танылса, онда тапсырыс берушіге осы Қағидалардың 31, 32, 33-тармақтарында көрсетілген хабардар ету тәсілдерін қолдана отырып, электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен жаңадан сатып алуды өткізуге немесе осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімде бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыруға жол беріледі.

Егер электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алу осы Қағидалардың 142-тармағының 3) тармақшасында көзделген себеп бойынша әлеуетті жеткізушілер тауарлардағы немесе жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарынан төмен болатын міндеттемелерді ұсыну салдарынан өтпеді деп танылса, онда тапсырыс беруші электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алуды өткізген кезде тауарлардағы немесе жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту бойынша талаптарды азайту жағына қарай өзгертеді.

148. Егер өтінімдері электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алудың шарттарына сәйкес келмейді деп бас тартылмаған барлық жеткізушілер сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса, тапсырыс беруші осы Қағидалардың 31, 32, 33-тармақтарында көрсетілген хабардар ету тәсілдерін қолдана отырып, электрондық сатып алу жүйесі арқылы жаңа сатып алуды өткізеді.

149. Жүйеде қалыптастырылған электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алу қорытындыларын шығару хаттамасының қағаз нұсқасына конкурстық комиссияның төрағасы, мүшелері және ақпаратты жүйеде қалыптастыруға және орналастыруға тапсырыс беруші уәкілеттік берген адам қол қояды.

150. Алып тасталды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.01.2016 № 139 және ҚР Энергетика министрінің 23.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

7. ТЖҚ-ны сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету

151. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді сатып алудың жеңімпазы оның өзімен жасалған сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісті түрде орындайтындығының кепілдігі ретінде, конкурстық құжаттамада көзделген жағдайларда енгізеді .

Шартты орындауды қамтамасыз ету сатып алу туралы шартты жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде енгізіледі.

152. Тапсырыс берушіге ашық конкурс тәсілімен сатып алу (әрбір лот бойынша) үшін көзделген сомадан үш пайыздан артық болатын сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мөлшерін, оның ішінде конкурстық баға ұсыныстарын төмендетіп белгілеуге жол берілмейді.

153. Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай тәсілдерінің бірі арқылы енгізуге жол беріледі:

1) тапсырыс берушінің банк шотына енгізілетін кепілдікті ақшалай жарнасы;

2) Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше екінші деңгейдегі банктерінің банктік кепілдігі.

Шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу тәсілін таңдау құқығын ТЖҚ жеткізушісі жүзеге асырады.

154. Жеткізушіге шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші адамларда енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға толығымен не бір бөлігінде талап ету құқықтарының туындауына әкелетін іс-қимылдарды жасауына жол берілмейді.

155. Тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін жеткізуші енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны пайдалануға жол берілмейді.

156. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талап мүгедектердің қоғамдық ұйымдарына қолданылмайды.

157. Егер әлеуетті жеткізуші өзімен жасалған ТЖҚ сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаса, тапсырыс беруші ТЖҚ сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

Ескерту. 157-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

158. ТЖҚ жеткізуші ТЖҚ сатып алу туралы онымен жасалған шарт бойынша міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші шартты орындауды қамтамасыз ету сомасынан шартта көзделген айыппұл санкцияларының сомасын ұстап қалуға құқылы.

Шартты орындауды қамтамасыз етудің қалған сомасы шартта көзделген ТЖҚ қабылдау-беру актісіне қол қойылған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде жеткізушіге қайтарылады.

Ескерту. 158-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

159. Тапсырыс беруші әлеуетті жеткізушіге ол енгізген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, онымен жасалған сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісті түрде орындаған жағдайда, үш жұмыс күні ішінде қайтарады.

8. ТЖҚ-ны сатып алу туралы шарт

160. Тапсырыс беруші сатып алудың қорытындысы туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сатып алудың жеңімпазына өткізілген сатып алудың талаптарындағы сатып алу туралы шарттың жобасын жібереді. Егер сатып алу бірнеше лот бойынша өткізілсе, сатып алу туралы шарттардың жобаларын тапсырыс беруші әрбір лотқа жеке жасайды.

Әлеуетті жеткізуші бірнеше лот бойынша жеңімпаз болып танылған жағдайда, жекелеген техникалық ерекшеліктер бойынша лоттарды міндетті түрде бөле отырып, бірыңғай шарт жасауға жол беріледі. Бұл ретте лоттар бойынша техникалық ерекшеліктер шартқа бір қосымшада жазылуы мүмкін.

Ескерту. 160-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

161. Қазақстан Республикасының резиденті емеспен сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының, Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасының және осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып, ол ұсынып отырған нысан бойынша сатып алу туралы шартты ресімдеуге жол беріледі.

162. Сатып алу туралы шарт:

1) жұмыстарды орындауға арналған шартты орындаған кезде осы Қағидаларды сақтау бойынша мердігердің міндеттемесін (мердігерлік жұмыстар сатып алынған жағдайда);

2) жұмыстарды орындауға арналған шартты орындаған кезде осы Қағидаларды сақтамағаны үшін мердігердің жауапкершілігін (мердігерлік жұмыстар сатып алынған жағдайда);

3) сатып алудың қорытындыларын шығару хаттамасына сәйкес тауарлардағы немесе жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту бойынша жеткізушінің міндеттемесін;

4) сатып алудың қорытындыларын шығару хаттамасына сәйкес тауарлардағы немесе жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жеткізушінің жауапкершілігін;

4-1) шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен кем емес (көмірсутегі шикізатына келісімшарттар бойынша) жеткізу мерзімі туралы талапты;

4-2) жеткізілген тауар, орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер), оның ішінде нақты жеткізілген тауарларға, орындалған жұмыстарға төлеу туралы шарт тауарларды қабылдау-беру, орындалған жұмыстар (объектілерді пайдалануға беру) (көмірсутегі шикізатына келісімшарттар бойынша) актісіне қол қойылған күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей төленгені туралы талапты;

5) конкурстық құжаттамада көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді қамтиды.

Ескерту. 162-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

163. Тапсырыс беруші тауарлардың қазақстандық өндірушісімен сатып алу туралы шартты жасасқан жағдайда, шарттың ережелерінде жеткізушінің, Қазақстан Республикасының аумағында шығарылғанын растайтын, өткізілетін сатып алу номенклатурасына сәйкес келетін "Тауардың шығу тегі жөнінде сертификаттар бланкілерінің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 6 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 12 ақпанда № 10235 тіркелді) бекітілген "СТ-KZ" нысандағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынуы туралы талапты енгізуге жол беріледі, бұл ретте сертификатта көрсетілген тауар көлемінің жасалған шарттың шеңберінде жеткізілетін тауар көлемінен кем болуына жол берілмейді.

164. Тапсырыс беруші жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушімен сатып алу туралы шартты жасасқан жағдайда, шарттың ережелерінде Заңның 19 бабының 22)-тармақшасына сәйкес бекітілетін нысан бойынша және тапсырыс беруші белгілеген мерзімдерде сатып алынатын ТЖҚ туралы есеп беруі туралы талабы көрсетіледі.

165. Жеткізуші жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлік ұйымдарды тартқан жағдайда, шартта тапсырыс беруші Заңның 19 бабының 22)-тармақшасына сәйкес бекітілетін нысан бойынша және тапсырыс беруші белгілеген мерзімдерде, қосалқы мердігерлік ұйымдардың жеткізушіге сатып алынатын ТЖҚ туралы есепті ұсынуы туралы талабы көрсетіледі.

166. Сатып алу туралы жасалған шартқа жеткізушінің таңдау үшін негіз болған, сапасы мен басқа талаптарының тұрақтылығы жағдайында өзгерістер енгізуге жол беріледі:

1) табиғи монополия субъектілерімен не мемлекеттік монополия субъектілерімен оның қызметінің негізгі мәні бойынша жасалған шарттар бойынша;

2) осы тауарды сатып алу туралы жасалған шартта көрсетілген тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеу шартымен сатып алынатын тауар көлеміндегі қажеттіліктің артуына байланысты шарттың жалпы сомасының он пайызынан астам шарт сомасын ұлғайту бөлігінде. Тауарларды сатып алу туралы жасалған шарттағы мұндай өзгеріс осы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін жылдық және (немесе) орта мерзімді және (немесе) ұзақ мерзімді бағдарламада көзделген сома шегінде жол беріледі;

3) сатып алынатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлеміндегі қажеттіліктің артуына байланысты шарттың жалпы сомасының он пайызынан астам шарт сомасын ұлғайту бөлігінде. Жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы жасалған шарттағы мұндай өзгеріс осы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін жылдық және (немесе) орта мерзімді және (немесе) ұзақ мерзімді бағдарламада көзделген сома шегінде жасалған шарттың мән-мағынасын өзгертпей және оны қамтамасыз ету мақсатында жол беріледі;

4) тиісті кезеңге айқындалған инфляция деңгейіне сүйене отырып, бір қаржы жылынан астам кезеңге жасалған ТЖҚ-ны сатып алу туралы шарт бағасын тараптар келісімі бойынша жыл сайын өзгерту бөлігінде;

5) тауардың бірлігіне бағаның өзгермеу шартымен сатып алынатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың көлеміндегі қажеттіліктің төмендеуіне байланысты шарт сомасының азаюы бөлігінде;

6) маңызды болып табылмайтын талаптар бөлігінде;

7) қолданыстағы валюталық реттеу туралы заңнаманың талаптарына негізделген тауарды (тауарларды) мерзімінде жеткізбеу және (немесе) төлемеу, жұмысты (жұмыстарды) орындамау, қызметті (қызметтерді) көрсетпеу жағдайында, Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын ТЖҚ жеткізушісімен жасасқан шарттың қолданылу мерзімін өзгерту бөлігінде;

8) сатып алынатын тауардың өндірісіне қажетті қазақстандық өндіруші шығарған тауарды жеткізу мерзімін арттыруға қатысты;

9) тауарларды сатып алу туралы шарт жасалынған күннен кейін ұлттық валюта (теңге) құнсызданған (қымбаттаған) жағдайда тараптардың келісімі бойынша тауарлардың сатып алу туралы шартының бағасын өзгерту бөлігінде;

10) лизингтік төлемдер мөлшерінің, сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне, шарт сомасын индексстеуге байланысты тауарды лизингке беру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың сомасын өзгерту бөлігінде.

Ескерту. 166-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

167. Егер сатып алуды өткізу туралы хабарландыруда өзгеше мерзім көзделмесе, сатып алу туралы шарт сатып алу қорытындылары шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жасалады.

168. Сатып алу туралы шарт мынадай жағдайларды қоспағанда, бір қаржы жылынан аспайтын мерзімге жасалады:

1) жұмыстарды жобалау-сметалық құжаттамада көзделген, аяқталу мерзімі келесі (кейінгі) қаржы жылындағы (жылдар) мерзіммен сатып алу;

2) дайындаудың технологиялық мерзімінің ұзақтығы олардың келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдар) жеткізілуіне негіздейтін активтерді және басқа тауарларды сатып алу;

3) орындаудың ұзақтығына байланысты орындау (көрсету, жеткізу) мерзімі жұмыс бағдарламасында белгіленген келесі (кейінгі) қаржы жылына (жылдарына) негізделген ТЖҚ-ны сатып алу;

4) орта мерзімді және (немесе) ұзақ мерзімді ТЖҚ-ны сатып алу бағдарламаларында көзделген ТЖҚ-ны сатып алу.

169. Сатып алу туралы шарт, тапсырыс беруші мен жеткізуші көрсетілген шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда орындалды деп есептеледі.

170. Егер жеткізуші осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге қол қойылған сатып алу туралы шартты ұсынбаған жағдайда, мұндай әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы шарт жасаудан жалтарды деп танылады.

171. Егер жеткізуші сатып алу туралы шарт жасасып, осы Қағидаларда белгіленген жағдайларда сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуін енгізбеген жағдайда, мұндай әлеуетті жеткізуші шарт жасаудан бас тартты және шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан жалтарды деп танылады.

Егер жеткізуші сатып алу туралы шартқа қол қойып, шарт бойынша міндеттемелерді орындауға кіріспестен, шартты орындаудан бас тартқан жағдайда, мұндай әлеуетті жеткізуші шарт жасаудан бас тартты және шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан жалтарды деп танылады.

172. Әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жеткізуші деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші олардың енгізілуі конкурстық құжаттамамен көзделген жағдайда ол енгізген (қайталама сатып алуға) ашық конкурсқа, электрондық сатып алу жүйесі ақылы сатып алуға (қайталама) қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

Егер әлеуетті жеткізуші шарт жасаудан бас тартқан және шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан жалтарды деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші сатып алу қорытындыларын шығару

хаттамасына сәйкес және өткізілген сатып алу шарттарында сатып алу жеңімпазының бағасынан кейін баға ұсынысы анағұрлым басым болып танылған келесі әлеуетті жеткізушімен шарт жасайды.

9. Ерекше шарттар

173. Қазақстан Республикасының резиденті емеспен мәмілелер (ТЖҚ-ны сатып алу туралы шарттар) Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасына сәйкес бақылауға жатады.

	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына 1-қосымша Нысан
--	---

Ашық конкурс тәсілімен ТЖҚ-ны сатып алуға қатысуға конкурстық өтінім (ашық конкурстың атауы)

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Әлеуетті жеткізушінің атауы;
2. Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес әлеуетті жеткізушінің орналасқан жері;
3. Әлеуетті жеткізушінің ашылған конкурстық өтінімінің мазмұны туралы ақпарат:

ЛОТ №	ӨСЖ коды	ТЖҚ-ның қысқаша сипаттамасы
1	2	3

Конкурстық өтінімнің мазмұны туралы мәліметтер:

1) құрылтай құжаттардың (заңды тұлғалар үшін), жеке басын куәландыру құжаттардың (жеке тұлғалар үшін) сканерден өткізілген көшірмелері;

2) құжаттардың (лицензия, патент, куәлік) сканерден өткізілген көшірмелері және/немесе әлеуетті жеткізушінің сатып алынатын тауарларды өндіру, қайта өңдеу, жеткізу мен өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсетуге құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері немесе әлеуетті жеткізушінің сатып алынатын тауарларды өндіру, қайта өңдеу, жеткізу және өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету құқығын растайтын құжаттардың болу қажеттілігінің жоқтығы туралы хаттың сканерден өткізілген көшірмесі;

3) егер ТЖҚ сатып алу нысанасы стандарттың немесе міндетті түрде сертификаттауға жататын болса, адамдардың өмірі, денсаулығы, азаматтардың мүлкі және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзге нормативтік құжаттың талаптарына сәйкес келуі сертификаттардың немесе сертификаттардың берілуі туралы кепілдеме хаттың сканерден өткізілген көшірмесі;

4) төлем қабілеттілігін растайтын құжаттар;

5) ТЖҚ-ның функционалдық, техникалық, сапалық, пайдаланушылық және өзге де сипаттамалары бар техникалық ерекшелік, сондай-ақ ТЖҚ-ның осы талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі (конкурстық құжаттамада тиісті талап болған кезде);

6) ұсынылатын тауарлардағы немесе жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі әрбір лот бойынша пайыздарда көрсетілген жергілікті қамту бойынша міндеттемелер (0-ден 100-ге дейін);

7) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізумен байланысты жұмыстардың жекелеген түрлерін орындауға арналған шартты орындау кезінде мердігердің осы Қағидаларды сақтау туралы міндеттемелері (мердігерлік жұмыстарды сатып алған жағдайда);

8) әлеуетті жеткізуші мердігерлерінің осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар немесе әлеуетті жеткізушінің мердігерлерді тарту ниетінің жоқ екендігін растайтын кепілдемелік хатының сканерден өткізілген көшірмесі (мердігерлік жұмыстарды сатып алған жағдайда);

9) 8-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген, өткізілетін ашық конкурсқа қатысуын шектейтін негіздемелердің жоқтығы туралы әлеуетті жеткізушінің кепілхаттары;

10) әлеуетті жеткізушіде қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аккредиттелген ұйыммен сертификатталған мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес сапа менеджменті жүйенің (сертификатталған жүйенің) болуын растайтын құжаттардың сканерден өткізілген көшірмелері (конкурстық құжаттамада тиісті талап болған кезде);

11) әлеуетті жеткізушіде сатып алынатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында және/ немесе белгілі бір салада жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын құжаттар: осындай қызмет түрлерімен айналысуға лицензияның болуын талап ететін қауіпті, ерекше қауіпті жұмыс түрлерін сатып алу кезінде, сондай-ақ орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беруді растайтын жүкқұжаттардың, тиісті актілердің сканерден өткізілген көшірмелерін қоса бере отырып, тиісті қаржы жылына белгіленген он төрт мың еселік айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен кем емес шарт сомасына әлеуетті жеткізуші жұмыстарды орындаған, қызметтерді көрсеткен ұйымдардан кепілхаттардың/оң пікірлердің сканерден өткізілген көшірмелері (конкурстық құжаттамада тиісті талап болған кезде);

12) әлеуетті жеткізушінің шарт жобасының елеулі шарттарымен келісетіндігін растайтын кепілхат;

13) сатып алынатын тауарларды өндірушімен берілген, әлеуетті жеткізушінің тауарларды конкурстық құжаттамада белгіленген көлемде және санда (конкурстық құжаттамада тиісті талап

болған кезде) жеткізу бойынша ашық конкурс талаптарын орындау мүмкіндігі бар екендігін растайтын хаттың сканерленген көшірмесі;

14) шартты бағаны есептеуге арналған құжаттар (болған кезде);

15) конкурстық өтінімді қамтамасыз ету (конкурстық құжаттамада тиісті талаптар болған кезде).

Конкурстық өтінімнің жарамдылық мерзімі __ күн;

4. Қолдары.

	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына 2-қосымша Нысан

Қызметкерлердің болуы және саны туралы мәліметтер

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Р / с №	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Осы ашық конкурста сатып алынатын жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету саласындағы еңбек өтілі	Дипломы, куәлігі және білімі туралы басқа да құжат бойынша біліктілігі немесе мамандығы	Жеке басын куәландыратын құжаттың №	Еңбек шартының №	Азаматтығы
1	2	3	4	5	6	7	8

Қол қою және мөрі (болған кезде) _____

Ұсыну күні мен уақыты

	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін
--	--

**Сатып алу бойынша ашық конкурсқа қатысу үшін
(ашық конкурс атауы) әлеуетті жеткізушілер ұсынған
конкурстық өтінімдерді ашудың
№ _____ ХАТТАМАСЫ**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2017 № 168 және ҚР Энергетика министрінің 10.04.2017 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

(Өткізу күні мен уақыты)

1. Тапсырыс берушінің атауы _____

2. Тапсырыс берушінің орналасқан орны _____

3. Мына құрамдағы конкурстық комиссия:

Конкурстық комиссияның төрағасы:

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Конкурстық комиссияның мүшелері:

(Тегі, аты, әкесінің аты)

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Конкурстық комиссияның хатшысы:

(Тегі, аты, әкесінің аты)

конкурстық өтінімдерін ашу рәсімін өткізді.

4. Ашық конкурстың мәні:

Лот № және атауы:

Сатып алу мәні	Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Сатып алынатын тауарлар саны немесе орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер көлемі
1	2	3	4

5. Олардың шеңберінде сатып алу жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар нөмірлері: _____.

Лот № және атауы:

_____ № _____ келісімшарт.

6. Конкурстық өтінімдерді мына әлеуетті жеткізушілер ұсынды:

Лот № және атауы:

Р\с №	Әлеуетті жеткізушінің атауы (жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты), орналасқан орнының мекенжайы	Конкурстық құжаттаманы алатын күні мен уақыты
1	2	3

7. Конкурстық өтінімдерді мына әлеуетті жеткізушілер ұсынды

Лот № және атауы:

Р\с №	Әлеуетті жеткізушінің атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	Конкурстық өтінімді ұсыну күні мен уақыты
1	2	3

8. Конкурстық өтінімдерді мына әлеуетті жеткізушілер қайтарып алды:

Лот № және атауы:

Р\с №	Әлеуетті жеткізушінің атауы (жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	Конкурстық өтінімді қайтарып алған күні мен уақыты
1	2	3

9. Әлеуетті жеткізушілердің ашылған конкурстық өтінімдерінің мазмұны туралы ақпарат: _____

10. Қолдары.

	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына 4-қосымша
--	---

нысан

Әлеуетті жеткізушілерді сатып алу жөніндегі ашық конкурсқа (ашық конкурстың атауы) қатысуға рұқсат берудің № _____ ХАТТАМАСЫ

_____ (Өткізу орны) (Өткізу күні мен уақыты)

1. Тапсырыс берушінің атауы

2. Тапсырыс берушінің орналасқан орны

3. Мына құрамдағы конкурстық комиссия:

Конкурстық комиссияның төрағасы:

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Конкурстық комиссияның мүшелері:

(Тегі, аты, әкесінің аты)

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Конкурстық комиссияның хатшысы:

(Тегі, аты, әкесінің аты)

әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдерді қарау рәсімін

өткізді және мыналарды сатып алу бойынша ашық конкурсқа қатысуға

рұқсат берілді:

4. Ашық конкурс нысанасы:

Лот № және атауы:

Сатып алу нысанасы	Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Сатып алынатын тауарлар саны немесе орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер көлемі
1	2	3	4

5. Олардың шеңберінде сатып алу жүзеге асырылатын жер қойнауын

пайдалануға арналған келісімшарттар нөмірлері:

Лот № және атауы:

_____ № _____ келісімшарт.

6. Конкурстық комиссия мына әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдерін қарады:

Лот № және атауы:

Р\с №	Әлеуетті жеткізушінің атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	Әлеуетті жеткізушінің орналасқан орнының мекенжайы
1	2	3

7. Ашық конкурсқа қатысушылардың конкурстық өтінімдерін қарау

нәтижелері бойынша конкурстық комиссия шешім қабылдады (қажеттісін

таңдау):

1) мына әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдері

қабылданбасын:

Лот № және атауы:

Р/с №	Әлеуетті жеткізушінің атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	Конкурстық өтінімдерді қабылдамау себебі	Ескертпе
1	2	3	4

2) мына әлеуетті жеткізушілер ашық конкурс қатысушылары болып танылсын:

Лот № және атауы:

Р/с №	Әлеуетті жеткізушінің атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	Бағаны шартты азайтуды қолдану
1	2	3

Ашық конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын

орналастырудың уақытын, орнын, басталу және аяқталу күнін _____

бастап _____ дейін деп белгіленсін.

Ашық конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын

бағалау және салыстыру _____ белгіленсін.

8. Қолдары.

	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына 5-қосымша
--	---

нысан

**Сатып алу бойынша ашық конкурстың
(ашық конкурс атауы) қорытындысын шығарудың
№ _____ ХАТТАМАСЫ**

(Өткізу күні мен уақыты)

1. Тапсырыс берушінің атауы

2. Тапсырыс берушінің орналасқан орны

3. Мына құрамдағы конкурстық комиссия:

Конкурстық комиссияның төрағасы:

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Конкурстық комиссияның мүшелері:

(Тегі, аты, әкесінің аты)

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Конкурстық комиссияның хатшысы:

(Тегі, аты, әкесінің аты)

мыналарды сатып алу бойынша ашық конкурс жеңімпазын айқындау рәсімін өткізді:

4. Ашық конкурс нысанасы:

Лот № және атауы:

Сатып алу нысанасы	Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Сатып алынатын тауарлар саны немесе орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер көлемі
1	2	3	4

5. Олардың шеңберінде сатып алу жүзеге асырылатын жер қойнауын

пайдалануға арналған келісімшарттар нөмірлері:

Лот № және атауы:

_____ № _____ келісімшарт.

6. Конкурстық баға ұсыныстарын ашық конкурстың мына

қатысушылары ұсынды:

Лот № және атауы:

P \ C №	Ашық конкурсқа қатысушының атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	Ашық конкурсқа қатысушының орналасқан орнының мекенжайы	Конкурстық баға ұсынысын ұсынған күні мен уақыты
1	2	3	4

7. Конкурстық баға ұсыныстарын ашық конкурстың мына

қатысушылары қайтарып алды:

Лот № және атауы:

P \ C №	Ашық конкурсқа қатысушының атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	Конкурстық баға ұсынысын қайтарып алған күні мен уақыты
1	2	3

8. Ашық конкурсқа мына қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстары қабылданбады:

Лот № және атауы:

P \ C №	Ашық конкурсқа қатысушының атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	Конкурстық баға ұсынысын қабылдамау себебі	Ескертпе
1	2	3	4

9. Ашық конкурсқа қатысушылардың қабылданған конкурстық баға

ұсыныстарының бағалары:

Лот № және атауы:

Сатып алуға бөлінген сома _____ теңге.

P\с №	Ашық конкурсқа қатысушының атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	ҚҚС-ны есепке алмағанда, құны теңгемен	ҚҚС-ны есепке алмағанда, шартты баға теңгемен
1	2	3	4

10. Конкурстық комиссия ашық конкурсқа қатысушылардың

қабылданған конкурстық баға ұсыныстарын бағалады және бағаларын

салыстырды, әрі шешім қабылдады (қажеттісін таңдау):

1) ашық конкурстың жеңімпазы болып мыналар танылсын:

Лот № және атауы:

P / с №	Атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	Орналасқан орнының мекенжайы	ҚҚС-ны есепке алмағанда, ұсынылған баға	Ұсынылатын тауарларда немесе жұмыстарда немесе көрсетілетін қызметтерде пайыздық көріністегі (0-ден 100-ге дейін) қазақстандық қамту бойынша міндеттемелер
1	2	3	4	5

Конкурстық баға ұсыныстары жеңімпаздың конкурстық баға

ұсынысынан кейін барынша басым болып табылатын әлеуетті жеткізушілер

Лот № және атауы:

P / с №	Атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	Орналасқан орнының мекенжайы	ҚҚС-ны есепке алмағанда, ұсынылған баға	Ұсынылатын тауарларда немесе жұмыстарда немесе қызметтерде пайыздық көріністегі (0-ден 100-ге дейін) қазақстандық қамту бойынша міндеттемелер
1	2	3	4	5

1			
2			

2) ашық конкурс өтпеді деп танылсын (тиісті себебін көрсету)

Лот № және атауы:

11. Тапсырыс беруші мына:

_____ ашық конкурс

тәсілімен өткізілген сатып алу нәтижелері бойынша ашық конкурс

қорытындылары шығарылған күннен бастап _____ күн ішінде

(жеңімпаздың атауы (жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты), нақты

орналасқан орнының мекенжайы, ұсынылған баға) жеңімпазбен шарт

жасассын.

12. Сатып алу коды: _____

Жүйенің интернет-ресурсының мекенжайы: _____.

13. Қолдары.

	<p>Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына б-қосымша</p>
--	--

нысан

Бір көзден алу тәсілімен сатып алу (сатып алу атауы) қорытындыларын шығару хаттамасы

1. Тапсырыс берушінің атауы

2. Тапсырыс берушінің орналасқан орны

3. Бір көзден алу тәсілімен сатып алу негіздемесі:

4. Бір көзден алу тәсілімен сатып алу негіздемесі:

Лот № және атауы:

ҚҚС-ны есепке алмағанда, сатып алу үшін бөлінген сома: _____ теңге.

Сатып алу нысанасы	Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Сатып алынатын тауарлар саны немесе орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер көлемі
1	2	3	4

5. Олардың шеңберінде сатып алу жүзеге асырылатын жер қойнауын

пайдалануға арналған келісімшарттар нөмірлері:

Лот № және атауы:

_____ № _____ келісімшарт.

6. Жеткізушілер атауы, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау,

қызметтерді көрсету мерзімдері және орны:

Лот № және атауы:

Р / с №	Жеткізушінің атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	Жеткізушінің орналасқан орнының мекенжайы	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, көрсетілетін қызметтерді көрсету мерзімі	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, көрсетілетін қызметтерді көрсету орны
1	2	3	4	5

7. Тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді

көрсетуге байланысты барлық шығыстарды қамтитын, теңгемен көрсетілген

әрбір лот бойынша ұсынылатын ТЖҚ-ға жеткізуші ұсынған баға:

Лот № және атауы:

ҚҚС-ны есепке алмағанда, сатып алу үшін бөлінген сома:

_____ теңге.

Р / с №	Жеткізушінің атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	ҚҚС-ны есепке алмағанда, ұсынылған баға	Ұсынылатын тауарларда немесе жұмыстарда немесе көрсетілетін қызметтерде, пайыздық көріністегі (0-ден 100-ге дейін) қазақстандық қамту бойынша міндеттемелер	Шарт жасау мерзімі
1	2	3	4	5

8. Қолдары.

	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына 7-қосымша
--	---

НЫСАН

Баға ұсыныстарын ашу және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу (сатып алудың атауы) бойынша қорытындыларын шығару хаттамасы

(Өткізу күні мен уақыты)

1. Тапсырыс берушінің атауы

2. Тапсырыс берушінің орналасқан орны

3. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың нысанасы:

Лот № және атауы:

Сатып алудың нысанасы	Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Сатып алынатын тауарлардың саны немесе орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтердің көлемі
1	2	3	4

4. Олардың шеңберінде сатып алу жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар нөмірлері:

Лот № және атауы:

_____ № _____ келісімшарт.

5. Баға ұсыныстарын мына әлеуетті жеткізушілер ұсынды:

Лот № және атауы:

--	--	--	--

P\с №	Әлеуетті жеткізушінің атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	Әлеуетті жеткізушінің орналасқан орнының мекенжайы	Баға ұсынысын ұсынудың күні мен уақыты
1	2	3	4

6. Баға ұсыныстарын мына әлеуетті жеткізушілер қайтарып алды:

Лот № және атауы:

P/с №	Әлеуетті жеткізушінің атауы	Әлеуетті жеткізушінің орналасқан орнының мекенжайы	Баға ұсынысын қайтарып алған күні мен уақыты
1	2	3	4

7. Мына жеткізушілердің баға ұсыныстары қабылданбады:

Лот № және атауы:

P/с №	Әлеуетті жеткізушінің атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	Баға ұсынысын қабылдамаудың себебі	Ескертпе
1	2	3	4

8. Әлеуетті жеткізушілердің ашылған баға ұсыныстарының бағасы:

Лот № және атауы:

ҚҚС-ны есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген сома

_____ теңге.

P/с №	Әлеуетті жеткізушінің атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	ҚҚС-ны есепке алмағанда, теңгемен алынған баға	Ұсынылатын тауарлардағы немесе жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі, пайыздық көріністегі (0-ден 100-ге дейін) қазақстандық қамту бойынша міндеттемелер
1	2	3	4

9. Баға ұсыныстарын ашудың нәтижелері бойынша:

1) Баға ұсыныстарына сұрату тәсілімен сатып алудың жеңімпазы:

Лот № және атауы:

Жеңімпаздың атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	Жеңімпаздың орналасқан орнының мекенжайы	Баға ұсынысының бағасы
1	2	3

Баға ұсыныстары жеңімпаздың баға ұсынысынан кейін неғұрлым

басым болып табылатын әлеуетті жеткізушілер:

Лот № және атауы:

Р/с №	Атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	Орналасқан орнының мекенжайы	ҚҚС-ны есепке алмағанда, ұсынылған баға
1	2	3	4

2) Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өтпеді деп

танылсын

(тиісті себебін көрсету)

Лот № және атауы

10. Тапсырыс беруші мына жеңімпазбен:

Лоттың № және атауы

(Жеңімпаздың атауы (жеке тұлғалар үшін тегі, аты, әкесінің аты

нақты орналасқан орнының мекенжайы, ұсынған бағасы)

баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген сатып алудың

қорытындысы бойынша баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың

қорытындысы шығарылған күннен бастап _____ күннің ішінде шарт

жасассын.

11. Сатып алудың коды: _____

Жүйенің интернет-ресурсының мекенжайы:_____.

12. Қолдары.

	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына 8-қосымша
--	---

нысан

Электрондық сатып алу жүйесі тәсілімен сатып алу қорытындыларын шығарудың № _____ ХАТТАМАСЫ

(Өткізу күні мен уақыты)

1. Тапсырыс берушінің атауы

берушінің орналасқан орны

2. Тапсырыс

3. Мына құрамдағы конкурстық комиссия:

Конкурстық комиссияның төрағасы:

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Конкурстық комиссияның мүшелері:

(Тегі, аты, әкесінің аты)

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Конкурстық комиссияның хатшысы

(Тегі, аты, әкесінің аты)

мыналарды сатып алу бойынша электрондық сатып алу жүйесі арқылы

тәсілімен сатып алу жеңімпазын айқындау рәсімін өткізді:

4. Электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен сатып алу

нысанасы:

Лот № және атауы

ҚҚС-ны есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген сома

_____ теңге.

тып алудың нысанасы	Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Сатып алынатын тауарлардың саны немесе орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтердің көлемі
1	2	3	4

5. Оның шеңберінде сатып алу жүзеге асырылатын жер қойнауын

пайдалануға арналған келісімшарттар нөмірлері:

Лот № және атауы:

_____ № _____ келісімшарт.

6. Конкурстық баға ұсыныстарын электрондық сатып алу жүйесі

тәсілімен сатып алуға мына қатысушылар ұсынды:

Лот № және атауы:

Р / с атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты №, әкесінің аты)	Электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен сатып алуға қатысушының орналасқан орнының мекенжайы	Конкурстық баға ұсынысын ұсынған күні мен уақыты
1 2	3	4

7. Электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен сатып алуға

қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарының бағалары:

Лот № және атауы:

Сатып алуға бөлінген сома _____ теңге.

--	--	--	--

Р \ с №	Электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен сатып алуға қатысушының атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	ҚҚС-ны есепке алмағанда, теңгедегі құны	ҚҚС-ны есепке алмағанда, теңгедегі шартты бағасы
1	2	3	4

8. Конкурстық комиссия электрондық сатып алу жүйесі тәсілімен

сатып алуға қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалады және

бағаларын салыстырды және мынадай шешім қабылдады (қажеттісін

таңдау):

1) электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен мына сатып алу

жеңімпазы болып танылсын:

Лот № және атауы:

Р \ с №	Атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	Орналасқан орнының мекенжайы	ҚҚС-ны есепке алмағанда, ұсынылған баға	Ұсынылатын тауарлардағы немесе жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі пайыздық көріністегі (0-ден 100-ге дейін) қазақстандық қамту бойынша міндеттемелер
1	2	3	4	5

Конкурстық баға ұсыныстары жеңімпаздың конкурстық баға

ұсынысынан кейін неғұрлым басым болып табылатын әлеуетті

жеткізушілер:

Лот № және атауы:

Р \ с №	Атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)	Орналасқан орнының мекенжайы	ҚҚС-ны есепке алмағанда, ұсынылған баға	Ұсынылатын тауарлардағы немесе жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі пайыздық көріністегі (0-ден 100-ге дейін) қазақстандық қамту бойынша міндеттемелер
1	2	3	4	5

--	--	--	--	--

2) электрондық сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен сатып алу

өтпеді деп танылсын

(тиісті себебін көрсету)

Лот № және атауы

9. Тапсырыс беруші мына:

Лоттың № және атауы

_____ электрондық сатып алу жүйесі арқылы

тәсілі мен өткізілген сатып алудың нәтижелері бойынша электрондық

сатып алу жүйесі арқылы тәсілімен сатып алу қорытындылары шығарылған

күннен бастап _____ күн ішінде

(жеңімпаздың атауы (жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің

аты), нақты орналасқан орнының мекенжайы, ұсынған бағасы)

жеңімпазымен шарт жасассын.

10. Сатып алудың коды: _____

Жүйенің интернет-ресурсының мекенжайы:_____.

11. Қолдары.